




АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

№2(90) ШЫҒАРЫЛЫМ, 2022ж.



Ұйым басшыларының назарына!

**АҚ РОӘО электронды онлайн кітапханасын
бір жыл қолданыңыздар:**



**Толық ақпаратты көрсетілген
телефондар арқылы алуға болады:**

8 (775) 251-25-95, 8 (705) 301-73-01

*Мамандандырылған
тоқсандық
басылым*

2000 жылдан бастап
шығады

Басшы кітапханасы

**ЖАЗЫЛУ
ИНДЕКСТЕРІ:**

75668 – қазақ тілінде;
75669 – орыс тілінде

Құрылтайшы:

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі
Азаматтық қорғау республикалық
оқу-әдістемелік орталығы

Редакциялық кеңес:

Е. Н. Мельников
Б. К. Енсебаев
Б. О. Булыбаева

Қазақстан Республикасының Ақпарат
және Қоғамдық даму
министрлігінде 20.01.2022 жылы
№ KZ72VPY00045002 тіркелген



НӨМІРДЕ:

- Редакциядан алғы сөз2
- Республика аумағында 2022 жылдың үш айында болған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы шолу ақпарат.....3
- ҚР ТЖ министрінің 2022 ж. 21 ақпандағы №55 бұйрығы.8
- АҚ бойынша мамандардың назарына: Объектілік өрт сөндіру командасына қанша қол өрт сөндіргіші керек? Объектіде АҚ күштерін жаңа норматив бойынша қалай есептегенді?.....61
- Азаматтық қорғау терминологиялық сөздігі65
- ТЖ қорғау.....85
- Айдар: «Сұрақтар мен жауаптар»..96
- Біздің тыңдаушыларымыздың пікірлері.....102
- Оқу құралы «Радияциялық және химиялық бақылау бекетінде жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық».....105

Құрметті Журналға Жазылушылар!

Жалпыға танымал «АҚ РОӘО» бренді өзінің интернет-ресурсын толығымен жаңартты және жетілдірді. Енді ол, азаматтық қорғаудың барлық аспектілері бойынша бірыңғай ақпараттық база нысанын ұсынатын, заманауи форматқа ие болды. Ұйымдар, АҚ бойынша барлық ақпарат жүйеленген және мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге түрде көрсетілген мамандандырылған электрондық онлайн кітапхананы пайдалану мүмкіндігіне ие. АҚ РОӘО электрондық кітапхана жаңартылған сайт құрылымында жұмыс істейді www.tg-oku.kz

Ұйымдар, жазылу арқылы АҚ РОӘО электрондық онлайн кітапханасын пайдалана алады. Жылдық жазылу - 57 667 теңге. Электрондық онлайн кітапханаға жазылуды келесі порталдар арқылы ресімдеуге болады: «Мемлекеттік сатып алу», «Самұрық-қазына», «Теңіз-сервис» және «ЕТБ», онда АҚ РОӘО 990540004163 БСН-мен тіркелген. Шартты жасап, Сіздің ұйымыңыздың қызметтеріне ақы төлегеннен кейін автоматты түрде интернет-ресурстың ақылы контентіне қолжетімділік коды мен құпиясөз берілетін болады. Сондай-ақ, **Kaspi.kz** мобильді қосымшасының "төлемдер" бөлімінде төлем жасауға болады.

Электрондық онлайн кітапханаға жазылушыға келесі қызметтер ұсынылады:

- АҚ саласындағы тұрақты жаңартылатын нормативтік база.

- Орталықтың әдістемелік материалдары қызметкерлерді оқыту мен даярлауға көмектеседі. Біздің слайд материалдары–сабақтарға арналған дайын рефераттар, ал ұсыныстар-оқу жаттығулары мен жаттығуларға арналған шаблондар.

Орталықтың заманауи контенті–бұл қауіпсіздік жүйесін дамыту және жетілдіру бойынша ұйымдар мен кәсіпорындардың мүдделерін қорғауға бағытталған интернет платформа.

АҚ РОӘО интернет-ресурсы бойынша толық техникалық ақпаратты Орталықтың телефондары арқылы алуға болады: 274-91-94, 8776-222-20-18, 8775-251-25-95, электрондық пошта: [kursy@bk.ru.](mailto:kursy@bk.ru), [gz_center@mail.ru.](mailto:gz_center@mail.ru)

Құрметпен, журнал редакциясы

**РЕСПУБЛИКА
АУМАҒЫНДА 2022
ЖЫЛҒЫ ҮШ
АЙЫНДА БОЛҒАН
ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХ-
НОГЕНДІК СИПАТ-
ТАҒЫ ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙЛАР ТУРА-
ЛЫ ШОЛУ АҚПАРАТ**



«112» бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі пультына халықтан **1 813 515** қоңырау келіп түсті.

Мынадай уақытылы ден қою шаралары қабылданды:

- өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бөлімшелері және Республикалық жедел-құтқару жасағы **3 736** адамды құтқарды, **2 734** адамды эвакуациялады, **52** зардап шеккенге алғашқы медициналық көмек көрсетті, ТЖ орындарынан **238** адам денесін шығарды, **11 414** дабыл бойынша шығу жасады, соның ішінде **2 236** - өрт, **4 043** - авариялық-құтқару жұмыстары, **3 678** - өрт ретінде есепке алынбайтын жану, **30** - жалған шақырту, **610**-расталмаған жану фактілері, **817** - басқалары;

- «Апаттар медицинасы орталығы» ММ **825** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті, **560** адамды құтқарды, **355** адамды эвакуациялады, **1 152** шығу жасады, оның ішінде *трассалық медициналық-құтқару пункттері* **292** шығу жасады, **301** адамды эвакуациялады, **570** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті.




ТЖМ карамағындағы ұйымдар мынадай іс-шаралар өткізді:

«Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемелері іздеу-құтқару жұмыстарына, өрттерді сөндіруге қатысу, жеке құрамды жеткізуге және басқа тапсырыстар бойынша **422** ұшу жасады, оның ішінде санитариялық авиация желісі бойынша - **99** ұшу, **94** пациент тасымалдады. Өрт қауіпсіздігі бағыты бойынша **563** шығу жасады, соның ішінде **191** өрт сөндіру, **26** авариялық-құтқару жұмыстарын өткізді, **346** жануды жойды, **298** адамды құтқарды және эвакуациялады.



Мемлекет басшысының бизнеске қысымды төмендету бойынша тапсырмасын іске асыру мақсатында өрт қауіпсіздігі саласында бақылау тек жоғары тәуекел дәрежесіндегі объектілерге қатысты енгізілген және ерекше тәртіпте өткізіледі. Бақылау-профилактикалық қызмет шеңберінде өртке қарсы жай-күйіне **6 844** тексеріс жүргізілді, **39 358** бұзушылық анықталды, **6 484** адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, соның ішінде **2 054** лауазымды тұлғаға **77,7** млн.теңге сомасында айыппұл салынды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде 2022 жылдың үш айында ерекше тәртіп бойынша **218** және **228** жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Тексеру қорытындысы






бойынша 5 472 бұзушылық анықталды, 145 объекті және 2 кәсіпорын тоқтатылды, 49 млн. теңгеден астам сомасында 304 әкімшілік айыппұл салынды.

Халықты оқыту және хабар беру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында 15 492: 2 011 - телевизия арналарында, 3 862 - баспа басылымдарында, 5 091 - радиода, 4 528 - ақпараттық агенттіктер таспаларында материалдар жарияланды.

2 434 (-18,4%, 2021ж. - 2 983) табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ және оқиғалар тіркелген, 332 (-37,8%, 2021ж. - 534) адам зардап шеккен, соның ішінде 140 (-19,5%, 2021ж. - 174) адам қаза болды, материалдық нұқсан 730,89 млн.теңгені (-50,4%, 2021ж. - 1 475,02 млн.тг.) құрады.

2 434 (-18,4%, 2021ж. - 2 983) табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ және оқиғалар тіркелген, 332 (-37,8%, 2021ж. - 534) адам зардап шеккен, соның ішінде 140 (-19,5%, 2021ж. - 174) адам қаза болды, материалдық нұқсан 730,89 млн.теңгені (-50,4%, 2021ж. - 1 475,02 млн.тг.) құрады.

Қазақстан Республикасы аумағындағы 2021 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2022 жылғы үш айында болған өндірістік және тұрмыстық өрттердің саны



паттағы ТЖ және оқиғалар тіркелген, 332 (-37,8%, 2021ж. - 534) адам зардап шеккен, соның ішінде 140 (-19,5%, 2021ж. - 174) адам қаза болды, материалдық нұқсан 730,89 млн.теңгені (-50,4%, 2021ж. - 1 475,02 млн.тг.) құрады.

ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТЖ жалпы ТЖ санының 97% құрайды, 2 361 оқиға (-18,7%, 2021ж. - 2 904) тіркелген, бұл ретте 223 (-35,7%, 2021ж. - 347) адам зардап шеккен, соның ішінде 128 (-22%, 2021ж. - 164) адам қаза болды.

ішінде 128 (-22%, 2021ж. - 164) адам қаза болды.

Техногендік сипаттағы жағдайлардың негізгі үлесі өндірістік және тұрмыстық өрттерді 88,5% құрайды, 2022 жылдың үш айында 2 089 (-22,2%, 2021ж. - 2 685) өрт болды, онда 170 адам зардап шекті (-37,5%, 2021ж. - 272), соның ішінде 102 адам қаза болды (-29,2%, 2021ж. - 144), материалдық нұқсан 730,87 млн. теңгені (+23,1%, 2021ж. - 593,51 млн.тг.) құрады.



Өрттердің саны мына облыстарда: Павлодар 62,5%-ға (2022ж. - 63, 2021ж. - 168), Қарағанды 30,4%-ға (2022ж. - 192, 2021ж. - 276), Қостанай 23,8%-ға (2022ж. - 122, 2021ж. - 160), Солтүстік Қазақстан 22,9%-ға (2022ж. - 128, 2021ж. - 166), Ақмола 22,7%-ға (2022ж. - 177, 2021ж. - 229), Атырау 22,7%-ға (2022ж. - 51, 2021ж. - 66), Қызылорда 17,2%-ға (2022ж. - 82, 2021ж. - 99), Жамбыл 16,7%-ға (2022ж. - 105, 2021ж. - 126), Шығыс Қазақстан 14,9%-ға (2022ж. - 285, 2021ж. - 335), Алматы қаласында 36,2%-ға (2022ж. - 136, 2021ж. - 213), Шымкент қаласында 31,8%-ға (2022ж. - 30, 2021ж. - 44), Нұр-Сұлтан қаласында 26,4%-ға (2022ж. - 170, 2021ж. - 231) азайды.

Өрт туындайтын негізгі объектілер: 65,3%-ы тұрғын үй секторы, 20,6%-ы көлік құралдары, 3,2%-ы сауда кәсіпорындары, 2,2%-ы өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, 2%-ы басқа ашық аумақтар, 1,8%-ы әкімшілік-қоғамдық ғимараттар, 1,3%-ы салынып жатқан объектілер және құрылыс алаңдары, 1%-ы



монша-кір жуу кешендері, 0,9%-ы қойма ғимараттары.



Өрттің пайда болуының таралған себептері: 41,4%-ы электр жабдықтарын техникалық пайдалану және монтаждау қағидаларын бұзу, 24,9%-ы пештерді орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 15,3%-ы отты абайсыз қолдану, 6,1%-ы анықталған әдейі өртеу,

5,2%-ы тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 1,5%-ы электрмен дәнекерлеу және басқа да отпен жүргізілетін жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 1,2%-ы балалардың отпен ойнауы.

ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР

ТЖ-ның жалпы санынан 3% құрады, 2022 жылдың үш айында 73 оқиға тіркелді (-7,6%, 2021ж. - 79), бұл ретте 109 адам

(-7,6%, 2021ж. - 187) зардап шекті, соның ішінде 12 адам (+20%, 2021ж. - 10) қаза болды.



ЖАҢА НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 21 ақпандағы
№ 55 Бұйрыққа қосымша

Өрт қауіпсіздігі қағидалары 1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар

1. Осы Өрт қауіпсіздігі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-41) тармақшасына сәйкес әзірленген және адамдарды, мүлікті, қоғам мен мемлекетті өрттен қорғау мақсатында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

2. Объектілерді пайдалану кезінде осы Қағидалардың, белгіленген тәртіппен бекітілген, объектілерді пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптары қамтылған нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі.

3. Объектідегі өрт қауіпсіздігін меншік иелері, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың, кәсіпорындардың басшылары, жеке кәсіпкерлер, жеке тұлғалар, объектіні немесе үй-жайды иеленуге, пайдалануға немесе оған билік етуге құқығы бар тұлғалар (бұдан әрі – ұйым басшысы) қамтамасыз етеді.

4. Ұйымдардың басшылары өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыстардың жекелеген учаскелерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдарды бұйрықпен тағайындайды.

5. Ұйым басшысы әрбір объектіге қатысты (жеке тұрғын үйлерді қоспағанда) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес, олардың өрт қауіпсіздігіне сай өртке қарсы режимді қамтитын өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықты бекітеді.

6. Ұйым басшысы өрт сөндіру және өрт сигнализациясы қондырғыларының, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялауды басқару, түтіннен қорғау және өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінің, өртке қарсы жабдықтар мен өрт техникасының, өртке қарсы есіктердің, клапандар мен люктердің, өртке қарсы қалқалардағы, үй-жайлардағы, ғимараттар мен құрылыстардағы ойықтарды өзге де толтырғыштардың, адамдарды қорғау және құтқару құралдарының болуын, жобалау құжаттамасына сәйкес келуін және олардың үнемі жарамды жұмыс күйінде болуын қамтамасыз етеді.

7. Объектілердегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 1017 қаулысымен бекітілген міндетті түрде Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілердің тізбесіне сәйкес мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің жұмысы ұйымдастырылады. Объектілердегі мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 782 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің қызметін жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9931 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.

8. Ұйымдардың жұмыскерлері өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқытудан және нұсқамадан өткеннен кейін ғана жұмыс істеуге жіберіледі, ал жұмыстың ерекшелігі өзгергенде ықтимал өрттердің алдын алу және оларды сөндіру бойынша қосымша оқудан өтеді. Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту тәртібі және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9510 болып тіркелген) бекітілген Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес айқындалады.

9. Ғимараттардың өртке қарсы қорғау жүйелері мен техникалық

құралдарының (өрт сигнализациясы және өрт сөндіру қондырғыларының, түтіннен қорғау, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялау жүйелерінің және қол өрт сөндіргіштерінің) тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін ұйым басшысының бұйрығымен өртке қарсы қорғау жүйелерін үздіксіз пайдалануды, бастапқы өрт сөндіру құралдарын сатып алуды, жөндеуді, олардың сақталуы мен іс-әрекетке әзірлігін, техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын ала жөндеуді уақтылы және сапалы жүргізуді қамтамасыз ететін адам тағайындалады.

Өрт сөндіргіштерді пайдалану және техникалық қызмет көрсету стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Ұйымдардағы кезекші персоналдың үй-жайларында телефон орнатылған орындарда, эвакуациялау жоспарлары, өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтар «101» өртке қарсы қызмет пен «112» бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметтің телефон нөмірлері көрсетілген тақтайшалар ілінеді.

Кезекші персонал өзіне жүктелген функцияларға сәйкес ғимараттың барлық есік құлыптарының кілттері жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

Кілттердің қосалқы жиынтығы ғимараттың бірінші қабатындағы кезекші персоналдың (күзет) үй-жайында сақталады.

Әрбір кілт оның қай құлыпқа тиесілі екендігі жазылған биркамен қамтамасыз етіледі.

Кезекші персонал телефоны бар үй-жайға жайғасады және түнде ғимаратта қалған адамдарды есепке алу журналын еркін нысанда жүргізеді.

11. Өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды, бастапқы өрт сөндіру құралдарының болуын және олардың жай-күйін тексерулерді есепке алу еркін нысанда толтырылатын арнайы журналда немесе техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-мәжбүрлі жөндеуді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде көрсетіледі.

12. Ғимараттар мен құрылыстарда (тұрғын үйлерден басқа)

кез-келген қабатта осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген эвакуациялау жоспарын жасау жөніндегі нысанға сәйкес эвакуациялау жоспарлары әзірленеді. Эвакуациялау жоспарлары адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды жүргізу, өртке қарсы қызметті шақыру және өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейін өрт сөндіруді ұйымдастыру бойынша ұйым жұмыскерлерінің іс-қимыл жасау тәртібін қамтиды. Эвакуациялау жоспарлары ғимараттың әр қабатында, қабаттан эвакуациялық шығу жолдарында дәліздің ұзындығы бойымен 20 метрден (бұдан әрі – м) аспайтын қашықтықта ілінеді.

13. Адамдардың тұруына арналған ғимараттарда, сондай-ақ адамдар жаппай келетін ғимараттарда (құрылыстарда) өрт кезінде электр энергиясын өшірген жағдайда, кезекші персонал жұмысқа қабілетті жай-күйдегі электр фонарьларымен қамтамасыз етіледі. Фонарьлар санын ұйым басшысы объектінің ерекшеліктеріне байланысты, бірақ әрбір кезекшіге кемінде 1 фонарьдан анықтайды.

14. Адамдар тәулік бойы болатын ғимараттар үшін әзірленген өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықта адамдарды өздігінен эвакуациялау, сондай-ақ ұйым персоналының өздігінен эвакуациялануға қабілетсіз адамдарды тәуліктің жарық және қараңғы уақыттарында эвакуациялау нұсқалары қамтылады.

Адамдар жаппай болатын объектіде ұйым басшысы жарты жылда кемінде 1 рет еркін нысанда толтырылатын жаттығулар журналында көрсете отырып, практикалық жаттығулар өткізуді қамтамасыз етеді.

15. Адамдар тәулік бойы болатын объектілердің басшылары күн сайын объектіге шығу ауданындағы өрт сөндіру бөліміне әрбір объектідегі адамдардың саны туралы мәліметті жолдауды қамтамасыз етеді.

16. Ғимараттар мен құрылыстардың функционалдық мақсатын өзгертуге, оларға күрделі жөндеу, техникалық қайта жарақтау, реконструкциялау және қайта жоспарлау «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына жобалау құжаттамасы жүзеге асырылады.

17. Барлық өндірістік және қойма үй-жайлары үшін, сондай-ақ сыртқы технологиялық қондырғылар үшін жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі санаттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика

министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10851 болып тіркелген) Электр қондырғыларын орнату қағидаларының (бұдан әрі – ЭҚОК) талаптарына сәйкес аймақтардың кластары анықталып, үй-жайлардың есіктерінде тиісті белгілермен белгіленеді.

Өрт қауіптілігі жоғары жабдықтың жанында қауіпсіздік белгілері орнатылады.

Өндіріс процестерінде жарылыс-өрт қауіптілігі көрсеткіштері зерттелмеген заттар мен материалдарды қолдануға, сондай-ақ оларды басқа заттармен және материалдармен бірге сақтауға жол берілмейді.

18. Ғимараттар мен құрылыстар олардың пайдаланылу циклінің барлық кезеңдерінде жарамды бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі. Бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген.

Бастапқы өрт сөндіру құралдарын және өрт сөндіру автоматикасы жүйелерін орналастыру орындары стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленеді.

19. Ғимараттар мен құрылыстарда есіктердің өздігінен жабылуына арналған құрылғылар жарамды күйде ұсталады.

Өртке қарсы есіктер мен түтіннен құрылғылардың (шымылдықтардың, экрандардың, перделердің) еркін жабылуына кедергі келтіретін құралдарды орнатуға жол берілмейді.

20. Өрттің шығуына әкелуі мүмкін ақаулары бар жабдықтарда жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

21. Қажетті отқа төзімділік шегін қамтамасыз ету және өрт қауіптілігін төмендету үшін ғимараттар мен құрылыстардың құрылыс конструкцияларын өңдеу және «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінде аккредиттелген зертханада сынақтар жүргізу арқылы қол жеткізілген нәтижелерді растай отырып, оларды оттан қорғау құралдарымен өңдеу талап етіледі.

Отқа төзімділіктің барлық дәрежесіндегі ғимараттарда (отқа төзімділіктің V дәрежесін қоспағанда) жанғыш материалдардан жасалған шатыр жабындарының ілмектері мен торлары оттан

қорғағышпен өңделуі тиіс.

Оттан қорғау құрамдарын жағу жұмыстарын жүргізу оттан қорғау құралына арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Ұйым басшысы оттан қорғайтын тозаңды құрамдардың, оттан қорғау майларының, сылақтың, құрылыс конструкцияларының плиталарымен, табақты және басқа да оттан қорғау материалдарымен қаптамалардың, жанғыш өңдеу және жылуды оқшаулау материалдарының, ауа өткізгіштердің, жабдық пен эстакадалардың металл тіректерінің зақымдануларын жоюды қамтамасыз етеді, сондай-ақ оттан қорғау өңдеуінің (сіңіргішінің) жай-күйін тексеруді жүзеге асырады.

Оттан қорғау өңдеуінің (сіңіргішінің) жай-күйін ол жүргізілгеннен кейін техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінде аккредиттелген зертханалармен, ал кейіннен стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес тексеріледі.

23. Өртке қарсы тосқауылдардың инженерлік және технологиялық коммуникациялармен (оның ішінде электр сымдарымен және кабельдермен) қиылысқан жерлерінде пайда болған ойықтар мен саңылаулар қажетті отқа төзімділік шегі мен түтін-газ өткізбеуді қамтамасыз ететін, жанбайтын материалдармен бітеледі.

24. Ғимараттар мен құрылыстарда (жеке тұрғын үйлерді қоспағанда):

1) жертөлелерде, цоколь қабаттарында, шатырларда, техникалық қабаттар мен үй-жайларда, желдету камераларында тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, жарылғыш заттарды, пиротехникалық бұйымдарды, жанғыш газдары бар баллондарды, аэрозоль орамындағы тауарларды, целлулоидты, жарылыс-өрт қауіпті, жанғыш заттар мен материалдарды сақтауға және жинауға;

2) жобалау құжаттамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жертөлелерді, цокольдық қабаттарды, шатырларды, техникалық қабаттарды және үй-жайларды, желдеткіш камераларын нысаналы мақсатынан тыс пайдалануға және қолдануға;

3) лифт холлдарын нысаналы мақсатынан тыс пайдалануға;

4) қабаттардағы дәліздерден, холлдардан, фойеден, тамбурлардан және баспалдақ алаңдарынан эвакуациялық шығу жолдарының жо-

бада көзделген есіктерін, сондай-ақ эвакуациялау жолдарында өрттің қауіпті факторларының таралуына кедергі келтіретін басқа да есіктерді алып тастауға;

5) нәтижесінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау жағдайлары нашарлайтын, өрт сөндіргіштерге, өрт крандарына және басқа да өрт қауіпсіздігі құралдарына қол жеткізу шектелетін немесе автоматты өртке қарсы қорғау жүйелерінің (автоматты өрт сигнализациясының, стационарлық автоматты өрт сөндіру қондырғыларының, түтін жою жүйелерінің, құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелерінің) әрекет ету аймағы азаятын көлемдік-жоспарлау шешімдерін өзгертуді жүргізуге;

6) есіктерді, люктерді, жанама секцияларға өтетін жерлерді және эвакуациялау сатыларына шығу жолдарын үйіп тастауға, балкон араларындағы сатыларды демонтаждауға, сондай-ақ пәтерлердің балкондары мен лоджияларындағы люктерді дәнекерлеуге;

7) май сіңген сүрткіш материалды жинамай қалдыруға;

8) ғимараттың барлық қабаттарының терезелерінде және жертөлелердің терезелеріндегі ойықтарда (қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелердің және қылмыстық-атқару жүйелері объектілерінің, мекеме қоймаларының, кассаларының, қару-жарақ бөлмелерінің, құпия бөлімдерінің, прекурсорларды сақтау және олардың айналымы үй-жайларын қоспағанда) торларды орнатуға;

9) түтінденбейтін баспалдақ алаңдарына апаратын балкондарды, лоджияларды және галереяларды шынылауға;

10) баспалдақ торларында, алаңдарында және дәліздерде қоймалар (қосалқы үй-жайлар) орнатуға, сондай-ақ баспалдақ сатыларының астында және баспалдақ алаңдарында заттарды, жиһаз бен басқа да жанғыш материалдарды сақтауға жол берілмейді. Бірінші және цокольдік қабаттардың баспалдақ сатыларының астында орталық жылу беруді басқару тораптарына, су өлшеу тораптарына және жанбайтын материалдардан жасалған қалқалармен қоршалған электр қалқандарына арналған үй-жайларды орналастыруға жол беріледі;

11) ғимараттардың өндірістік және қойма үй-жайларында (отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттардан басқа) жобалау құжаттамасын-

да көзделген жағдайлардан басқа, жапсарлас үй-жайларды орнатуға;

12) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдарына, сондай-ақ құтқару құрылғыларын бекіту орындарына өту жолдарын үйіп тастауға және жабуға жол берілмейді.

25. Газ құбырларынан, газ баллондарынан және аспаптардан, қатып қалған құбырларды қыздыру аспаптарынан, инженерлік коммуникациялардан газдың шығуын анықтау үшін ашық отты қолдануға жол берілмейді. Қатып қалған құбырларды, жабдықтарды, инженерлік коммуникацияларды қыздыру ыстық сумен, бумен және қызған құммен жүргізіледі.

26. Ғимараттар мен құрылыстардың шатырларындағы сыртқы өрт сөндіру сатылары мен қоршаулары жарамды күйде күтіп-ұсталады және оларға бес жылда кемінде бер рет стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес пайдалану сынақтары жүргізіледі.

27. Бір мезгілде 50-ден астам адамның болуына арналған үй-жайларда, сондай-ақ бір мезгілде 15-тен астам адамның болуына арналған жертөле мен цокольдік қабаттардың үй-жайларында кемінде екі эвакуациялық шығу жолы көзделеді.

Отқа төзімділігі IV және V деңгейдегі ғимараттар мен құрылыстарда бір мезгілде 50 және одан астам адамның тек бірінші қабаттағы үй-жайларда болуына жол беріледі.

28. Шатыр үй-жайларының, сондай-ақ технология шарттары бойынша адамдардың тұрақты болуы талап етілмейтін техникалық қабаттар мен жертөлелердің есіктері мен люктері құлыпталады. Көрсетілген үй-жайлардың есіктері мен люктеріне қажет болған жағдайларда тәулік бойы қол жеткізу қамтамасыз етілуі тиіс кілттердің сақталатын орны туралы ақпарат ілінеді.

Ғимараттардың, құрылыстар мен құрылымдардың жертөлесі және цокольдік қабаттарының терезе ойықтарының шұңқыршалары қоқыстан және басқа заттардан уақтылы тазартылады. Терезелердегі тиектер ішінен кілтсіз ашылады.

29. Пайдаланылған сүртетін материалдар қақпақпен жабылатын, жанбайтын материалдан жасалған контейнерлерге жиналады. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін көрсетілген контейнерлердің ішіндегісі ғимараттардан тыс шығарылады.

30. Майлармен, лактармен, бояулармен және басқа да тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен жұмыс істейтін адамдардың арнайы киімі осы мақсатқа арнайы бөлінген орындарда орнатылған металл шкафтарда ілінген күйінде сақталады.

31. Биіктігі 1 қабаттан жоғары витраждары бар ғимараттарда әрбір қабаттың деңгейіндегі витраждарда орнатылған түтін өткізбейтін, жанбайтын диафрагмалардың конструкцияларын бұзуға жол берілмейді.

32. Эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарын пайдалану кезінде жобалау шешімдерін және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құжаттардың (оның ішінде эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарын жарықтандыру, олардың саны, өлшемдері және көлемдік-жоспарлау шешімдері бойынша, сондай-ақ эвакуациялау жолдарында өрт қауіпсіздігі белгілерінің болуы бойынша) талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі.

33. Ашылу бағыты нормаланбайтын мынадай:

- 1) Ф1.3 және Ф1.4 сыныпты үй-жайлардың;
- 2) А және Б үй-жайларынан басқа, бір мезгілде 15-тен аспайтын адам болатын үй-жайлардың;
- 3) ауданы 200 м² аспайтын қоймалардың;
- 4) санитарлық тораптардың;
- 5) 3-типтік баспалдақ алаңдарына шығу жолдарының есіктерінен басқа, эвакуациялау жолдарындағы есіктер ғимараттан шығу бағытына қарай ашылады.

34. Эвакуациялық шығу жолдарының есіктеріндегі тиектер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін жағдайларды қоспағанда, оларды ішінен кілтсіз еркін ашу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

35. Автономды қоректендірілетін және эвакуациялау жолдарында қолданылатын электр желісінен қосылатын «Шығу», «Эвакуациялық (қосалқы) шығу», «Эвакуациялық шығу есігі» деген көлемді жарықтандырылған өрт қауіпсіздігі белгілері жарық индикациясы қосылып, жарамды күйде күтіп-ұсталады.

Эвакуациялық жарықтандыру жұмыс істейтін жарықтандырудың

электрмен қоректендіргіші тоқтаған кезде автоматты қосумен қамтамасыз етіледі.

36. Эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарын пайдалану кезінде:

1) эвакуациялық жолдар мен шығулардың (оның ішінде өтетін жерлердің, дәліздердің, тамбурлардың, галереялардың, лифт холдарының, баспалдақ алаңдарының, баспалдақ сатыларының, есіктердің, эвакуациялық люктердің) жобалық өлшемдерін кішірейтетін кедергілер орнатуға, сондай-ақ эвакуациялық шығу есіктерін бекітіп тастауға (дәнекерлеуге);

2) эвакуациялау жолдарында табалдырықтарды (есіктердің ойықтарындағы табалдырықтардан басқа) орнатуға, ішкі жағынан қолмен ашу және ашық күйінде бұғаттау мүмкіндігі жоқ қозғалмалы және көтеріліп-түсірілетін есіктер мен қақпаларды, айналатын есіктер мен турникеттерді, сондай-ақ басқа (қайталайтын) эвакуациялау жолдары болмаған кезде немесе көрсетілген құрылғыларды қолмен ашуға және ашық күйінде бұғаттауға мүмкіндік беретін техникалық шешімдер болмаған кезде адамдарды еркін эвакуациялауға кедергі келтіретін басқа да құрылғыларды орнатуға жол берілмейді. Құрылғыларды автоматты немесе қашықтықтан ашу және бұғаттау тәсілін қолмен басқарылатын тәсілге қосымша қолдануға жол беріледі;

3) отқа төзімділігі V дәрежедегі ғимараттардан басқа, эвакуациялау жолдарындағы едендерді, қабырғалар мен төбелерді өңдеу, қаптау және бояу үшін өрт қауіптілігі сыныбына сәйкес келмейтін жанғыш материалдарды қолдануға;

4) баспалдақ алаңдарының, дәліздердің, холдар мен тамбурлардың өздігінен жабылатын есіктерін ашық күйінде бекітуге, сондай-ақ оларды алып тастауға;

5) түтінденбейтін баспалдақ алаңдарындағы ауа аймақтарының терезе жапқыштарын шынылауға немесе жабуға;

6) есіктер мен фрамугаларды шынылауда армирленген шыныны жай шынымен ауыстыруға жол берілмейді.

37. Үй-жайдың жабдығын орналастырған кезде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес баспалдақ алаңдарына және эвакуациялау жолда-

рына өтетін эвакуациялық өту жолдары қамтамасыз етіледі.

38. Адамдар жаппай келетін үй-жайларда кілемдер, кілем төсемшелері және еден жабындары еденге берік бекітіледі.

39. Тұрмыстық газ аспаптарын пайдалану кезінде жиһазды және жанғыш материалдарды орналастыру жақын жердегі вертикаль қабатқа дейін көлденеңінен кемінде 0,2 м және осы бұйымдарға жақын жерде ілінген көлденең қабаттың үстіне дейін тігінен кемінде 0,7 м қашықтықта жүзеге асырылады.

40. Ғимараттар мен құрылыстардағы қоқыс өткізгіштер жобада көзделген клапандармен қамтамасыз етіледі, клапандар жабық күйде болады, жарамды етіп күтіп-ұсталады және ысырмасында нығыздағышпен қамтамасыз етіледі.

41. Ғимараттар мен жерүсті құрылыстарындағы лифтілер мен көтергіштер (өрт лифтілерін қоспағанда) өрт шыққан кезде негізгі отырғызу қабатына автоматты түрде түсіріледі, ал жерасты құрылыстарында – негізгі эвакуациялық шығу жолдарындағы қабатқа жоғары көтеріледі және тоқтан ажыратылады.

42. Эскалаторлардың (траволаторлардың) жетектері өрт шыққан кезде автоматты түрде ажыратылады.

43. Ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ сыртқы технологиялық қондырғылар жобада көзделген найзағайдан қорғаудың жарамды құрылғыларымен жабдықталады.

44. Найзағайдан қорғау құрылғыларын тексеру жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Бұл ретте жерге тұйықталатын құрылғылардың қарысуы өлшенеді, ал тексерулер мен өлшеулердің нәтижелері еркін нысанда толтырылатын найзағайдан қорғау құрылғыларын пайдалану журналына жазылады.

45. Найзағайдан қорғау құрылғыларын тексеруді техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінде аккредиттелген ұйымдар зертханалық сынақтар хаттамасын жасай отырып және дананы ұйым басшысына табыс ете отырып жүргізеді.

46. Найзағайдың және статикалық электр зарядтарының қайталайтын көріністерінен қорғау үшін технологиялық аппараттардың барлық металл конструкцияларында, резервуарларда, газ өткізгіштерде, мұнай өткізгіштерде, тез тұтанатын немесе жанғыш сұйықтықтар,

сондай-ақ жанғыш газдар айналатын, сақталатын немесе қайта өңделетін ғимараттардың ішінде және ашық кеңістікте орналасқан құрылғыларда қорғаныш жерге тұйықтағыш көзделеді.

47. Персоналды электр тогымен жарақаттанудан қорғауға арналған жерге тұйықтау құрылғыларын немесе найзағайдан қорғағышты статикалық электр зарядтарын бұру үшін пайдалануға жол беріледі.

48. Ғимараттарда, құрылыстарда орналастырылған технологиялық жабдық пен құбыржолдар, сондай-ақ сыртқы технологиялық қондырғылар мен эстакадалар ЭҚОҚ талаптарына сәйкес қорғаныш жерге тұйықтағышпен қамтамасыз етіледі.

Ғимараттар мен құрылыстардың технологиялық құбыржолдарын жерге тұйықтайтын (нөлдейтін) өткізгіштер ретінде пайдалануға жол берілмейді.

49. Металл эстакадалар және оларға төселген металл құбыржолдар эстакаданың басында және соңында, сондай-ақ олардың ұзындығы бойымен кемінде 300 м сайын өзара және қорғаныш жерге тұйықтау құрылғыларымен жалғанады.

50. Ток бұрғыштар өзара, жерге тұйықтағыш құрылғылармен және технологиялық аппараттармен дәнекерлеу арқылы жалғанады.

51. Технологиялық процестерде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш бу мен газдар айналатын өнеркәсіптік кәсіпорындардың су бұру жүйесі гидравликалық ысырмалармен қамтамасыз етіледі. Әрбір гидравликалық ысырмадағы сұйықтық қабатының биіктігі кемінде 0,25 м етіп қабылданады. Гидравликалық ысырмалардың конструкциясы оларды мезгіл сайын тазарту мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

52. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар қолданылатын ғимараттар мен құрылыстардың нөсер, өндірістік және біріктірілген су бұру жүйелерінің құбыржолдары арқылы жалынның таралуын болдырмайтын гидравликалық ысырмалар (сифондар) үнемі жарамды күйде күтіп-ұсталады.

Гидравликалық ысырмалары ақаулы немесе дұрыс орындалмаған су бұру жүйелерін пайдалануға жол берілмейді.

53. Технологиялық процестерінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш булар мен газдар айналатын кәсіпо-

рындардың өндірістік және біріктірілген су бұру жүйелері бүкіл ұзындығы бойымен жабық күйде ұсталады.

Су бұру жүйелерін байқайтын құдықтар қақпақтармен жабылады және 0,1 м қабат құм төгіледі.

54. Аумағында ғимараттар, құрылыстар және (немесе) жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша АН, БН және ВН санаттарындағы сыртқы технологиялық қондырғылар орналасқан кәсіпорындардың өндірістік және біріктірілген су бұру жүйелеріне жинау кезіндегі өндірістік ағынды судың температурасы 40оС -ден аспауы тиіс.

Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды су бұру жүйелеріне (оның ішінде авария кезінде) ағызуға жол берілмейді.

55. Жанғыш газ баллондары сақталатын және пайдаланылатын ғимараттарға (оның ішінде жеке тұрғын үйлерге) немесе құрылыстарға кіретін жерде «От қауіпі бар. Газы бар баллон» деген жазуы бар өрт қауіпсіздігінің ескерту белгілері орналастырылады.

56. Өрт сөндіру қондырғыларының қолмен қосу құрылғылары, өрт сөндіргіштердің бекіту-іске қосу құрылғысы және өрт шкафтарының есіктері пломбланады.

57. Өрт шкафтары оларда өрт краны жабдығының жинағын және өрт сөндіргіштің өрт сөндіру заты зарядының массасы кемінде 5 килограмм (бұдан әрі – кг), кемінде екі қол өрт сөндіргішін, сондай-ақ адамдардың жеке қорғану және құтқару құралдарын орналастыру мүмкіндігімен кез-келген үш нұсқада (аспалы, жапсарлас және кіріктіріле) орнатылады.

58. Темекі шегуге жол берілмейтін жағдайларды (жарылыс-өрт қауіпті объектілер) қоспағанда, ұйым басшысы темекі шегу үшін арнайы бөлінген орындарды айқындайды. Темекі шегуге арналған арнайы бөлінген орындар бастапқы өрт сөндіру құралдарымен және «Темекі шегуге арналған орын» деген жазумен қамтамасыз етіледі. Бөлінбеген жерлерде темекі шегуге жол берілмейді.

59. Елді мекендердің, ұйымдардың аумақтары қызмет түріне және меншік нысанына қарамастан өртке қарсы қашықтықтар шегінде жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, ыдыстан, құрғақ шөптен, мамықтан, жанғыш материалдардан уақтылы тазартылады.

60. Блок-контейнерлерді пайдалану кезінде дайындаушы зауыт көздеген конструкциялық параметрлерді өзгертуге жол берілмейді. Блок-контейнерлердің ішін өңдеу үшін жанғыш жылу оқшаулағыш материалдарды қолдануға, сондай-ақ оларды жанғыш негізге орнатуға жол берілмейді.

Жеке блок-контейнерлер мен тұрмыстық вагоншалар топта саны 10-нан аспайтын топтарда орналастырылады. Екі және одан да көп контейнерлер топтарға біріктірілген жағдайда автоматты өрт дабылымен және авариялық люктермен қамтамасыз етіледі. Осы құрылыстардың топтары арасындағы және олардан жақын орналасқан ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі қашықтық кемінде 18 м етіп қабылданады.

61. Ғимараттар мен құрылыстарда дайындалып жатқан тамақты бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.

2-тарау.

Ғимараттар, үй-жайлар мен құрылыстардың өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

62. Ғимараттар, үй-жайлар мен құрылыстар ҚР ҚН 2.02-11-2002* «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты өрт сигнализациясы жүйелерімен, автоматты өрт сөндіру және өрт туралы адамдарды құлақтандыру қондырғыларымен жабдықтау нормалары» талаптарында айқындалған объектілер тізбесіне сәйкес өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен қамтамасыз етіледі.

63. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын монтаждау жөніндегі жұмыстар жобалау құжаттамасына сәйкес жүргізіледі.

64. Объектіде өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын білікті пайдалану және техникалық жарамды күйде күтіп-ұстау үшін басшының бұйрығымен мынадай персонал тағайындалады:

- 1) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ететін адам;
- 2) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына қызмет көрсетуге шарт болмаған кезде, өрт автоматикасы жүйелері мен қонды-

рғыларына техникалық қызмет көрсету және оларды жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды орындау үшін мамандар. Мамандарды оқытуды өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға жауапты адам объектінің басшысы бекіткен бағдарлама бойынша жүргізеді.

65. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ететін адам:

- 1) осы Қағидалардың талаптарының орындалуын;
- 2) шарт бойынша графикке және күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды бақылауды және қабылдауды;
- 3) дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының жұмысқа қабілеттілігіне техникалық қызмет көрсетуді, жоспарлы-алдын ала жөндеуді жүргізудің және тексерудің дұрыстығын;
- 4) қызмет көрсетуші және кезекші персоналды оқытуды, сондай-ақ қорғалатын үй-жайларда жұмыс істейтін адамдарға өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғылары іске қосылған кездегі іс-қимылдар бойынша нұсқама беруді;
- 5) қажетті пайдалану құжаттамасын әзірлеуді және оны жүргізуді қамтамасыз етеді.

66. Өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды, бастапқы өрт сөндіру құралдарының болуын және олардың жай-күйін тексерулерді есепке алу автоматтандырылған жүйеге немесе осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының пайдалану журналында көрсетіледі.

67. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жоспарлы-алдын ала жөндеуді объектінің білікті мамандары немесе әлсіз тоқ жабдығымен жұмыс саласындағы ұйымдар (бұдан әрі – орындаушы) орындайды.

68. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсету мен оларды жоспарлы-алдын ала жөндеу:

- 1) жоспарлы профилактикалық жұмыстарды жүргізуді;
- 2) ақауларды жоюды және ағымдағы жөндеу жүргізуді қамтиды.

69. Техникалық қызмет көрсету, жоспарлы-алдын ала жөндеу мерзімділігі мен жұмыстардың көлемдері қызмет көрсетілетін өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының техникалық құралдарына арналған пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес белгіленеді (бірақ айына кемінде 1 рет).

70. Ұйым басшысы өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен жабдықталған объектіде мынадай құжаттаманың:

1) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына жобалау құжаттамасының;

2) жасырын жұмыстардың (олар болған жағдайда), сынақтар мен өлшеулер актілерінің;

3) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісінің;

4) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының құрамына кіретін техникалық құралдарға паспорттардың;

5) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының монтаждalған аспаптары мен жабдығы ведомосінің;

6) газбен өрт сөндіру қондырғыларының (олар болған кезде) баллондарын өрт сөндіргіш құрамдармен зарядтауға паспорттардың;

7) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың, кезекші және қызмет көрсетуші персоналдың, техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын ала жөндеуді жүргізуге жауапты адамның лауазымдық нұсқаулықтары, ұйыммен техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын ала жөндеуді жүргізуге арналған шарттың көшірмелерінің (ұйымдар қызмет көрсететін объектілерде);

8) техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмыстарының жоспар-графигі мен регламентінің;

9) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану журналының болуын қамтамасыз етеді.

71. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғылары кезекші (жо-

балық) жұмыс режимінде тұрақты ұсталады.

72. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын өшіруге байланысты жүргізілетін техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды орындау кезеңінде объектінің әкімшілігі өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен қорғалатын объектілердің өрт қауіпсіздігін қосымша іс-шаралармен қамтамасыз етеді.

73. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының құрамына кіретін техникалық құралға құжаттамада көрсетілген қызмет мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғылары істен шыққан жағдайларда, осы жүйелер мен қондырғыларды мақсаты бойынша одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында оларға техникалық куәландыру жүргізіледі.

74. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын техникалық куәландыруды тапсырыс беруші мен орындаушы өкілдерінің қатысуымен комиссия әрбір бес жыл сайын жүргізеді.

75. Куәландыру нәтижелері осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын куәландыру актісімен ресімделеді.

76. Газбен өрт сөндіру қондырғыларының баллондары мен қысыммен жұмыс істейтін басқа да ыдыстар монтаждау алдында тексеріледі және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10303 болып тіркелген) қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қағидалардың талаптарына сәйкес куәландырылады. Куәландыру мерзімі өтіп кеткен баллондарды монтаждауға қабылдауға жол берілмейді.

77. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын монтаждау бойынша орындалатын жұмыстар ҚР ҚН 1.03-00-2011 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру» талаптарына сәйкес ресімделеді.

78. Объектінің қызмет көрсетуші персоналы немесе орындаушы объектіде орнатылған өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының құрылысы мен жұмыс принципін білуге, осы Қағидалардың

талаптарын, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын білуге және орындауға, белгіленген мерзімде регламенттік жұмыстарды жүргізуге және пайдалану құжаттамасын еркін нысанда толтыруға тиіс.

3-тарау.

Ғимараттар мен құрылыстардың электр қондырғыларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

79. Электр қондырғыларының барлық ток жүргізу бөліктері, тарату құрылғылары, аппараттары мен өлшеуіш аспаптары, сондай-ақ бөлгіш түріндегі сақтандыру құрылғылары, ажыратқыштары, іске қосатын аппараттары мен аспаптары тек жанбайтын негізге орнатылады.

80. Сымдар мен кабельдердің талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтау өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу, балқытып біріктіру немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізіледі.

81. Сымдар мен кабельдердің талсымдары жалғанатын және тармақталатын жерлері, сондай-ақ жалғаушы және тармақтаушы қысқыштар осы сымдар мен кабельдердің тұтас жерлері талсымдарының оқшаулағышына тең етіп оқшауланады.

82. Оқшаулағыш тіреуіштерде төселген сымдардан басқа, сымдар мен кабельдердің жалғанымы мен тармақталуы жалғаушы және тармақтаушы қораптарда, жалғаушы және тармақтаушы қысымдардың оқшауланған корпустарында, құрылыс конструкцияларының арнайы қуыстарында, электр орнату бұйымдарының, аппараттардың және машиналардың корпустарының іштерінде орындалады. Оқшаулағыш тіреуіштерде төсегенде сымдарды жалғау немесе тармақтау тікелей оқшаулағыштың жанында, клицтерде немесе олардың үстінде, сондай-ақ роликте орындалады. Жалғаушы және тармақтаушы қораптар қорғағыш қақпақтармен қамтамасыз етіледі.

83. Үй-жайлардағы электр қондырғылары мен электр аспаптары жұмыс уақыты (ауысымы) аяқталғаннан кейін тоқсыздандырылады.

Авариялық жарық түсіру, өрт сөндіру және өртке қарсы сумен жабдықтау қондырғылары, өрт және күзет-өрт сигнализациясы кернеуде қосулы болады. Электр қондырғылары мен электр техникалық бұйымдарды (оның ішінде тұрғын үй-жайларда), егер бұл олардың функционалдық мақсаты мен негіздеме және (немесе) дайындаушы-зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқаулық талаптарында көзделсе, кернеуде қалдыруға жол беріледі.

84. Электр берудің әуе желілерін жанғыш шатырлардың, бастырмалардың, сондай-ақ жанғыш заттардың, материалдар мен бұйымдардың ашық қоймаларының (қатарлардың, маялардың), А, Б, В1-В4 санаттарындағы жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша сыртқы технологиялық қондырғылардың үстіне төсеуге және пайдалануға жол берілмейді.

85. Электр қозғалтқыштары, шырағандар, өткізгіштер, тарату құрылғылары жанғыш тозаңнан айына кемінде екі рет, ал шаң көп бөлінетін үй-жайларда айына кемінде төрт рет тазартылады.

86. Электр қондырғыларын пайдалану кезінде:

1) дайындаушы зауыттың нұсқаулығында жазылған қауіпсіздік талаптары бұзылған электр желілері мен электр энергиясын қабылдағыштарды, өрттің шығуына (ұшқындауға, қысқа тұйықталуға, кабельдер мен сымдардың оқшаулағышының шамадан тыс қызуына, автоматты басқару, аварияға қарсы және өртке қарсы қорғау жүйелерінің істен шығуына) әкелуі мүмкін ақаулары бар электр қабылдағыштарын пайдалануға, сондай-ақ оқшаулағышы зақымданған немесе қорғағыш қасиеттері жойылған электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға;

2) электр энергиясын қабылдағыштарды дайындаушы зауыт көздеген конструкция мен қорғау жүйелерін, оның ішінде бүлінген және бекітілмеген электр қондырғылары бұйымдарын пайдалануға;

3) конструкциясында көзделген жылу реттегіштер болмаған немесе ақау болған кезде электр қыздырғыш аспаптарын қолдануға;

4) электр үтіктерді, электр плиткаларын, электр шәйнектерін және басқа электр қыздыру аспаптарын дайындаушы зауыттың нұсқаулығында көзделген болса, өрттің шығу қаупін болдырмайтын арнайы тұғырықтарсыз (қоректендіру цокольдерінсіз, қыздырғыш дөңгелектерсіз) пайдалануға;

5) стандартты емес (қолдан жасалған) электр қыздыру аспаптарын қолдануға, калибрленбеген балқығыш ендірмелерді және шамадан тыс жүктеме мен қысқа тұйықталудан қорғайтын қолдан жасалған аппараттарды пайдалануға;

6) электр қалқандарының, электр қозғалтқыштарының және іске қосу аппаратурасының жанына өрт қауіпті және (немесе) жарылыс-өрт қауіпті заттар мен материалдарды орналастыруға (қойма-лауға);

7) жарылыс қаупі және өрт қаупі бар аймақтарда дайындаушы зауыттың жарылыстан және (немесе) өрттен қорғау деңгейі мен түрінің белгілеуі жоқ электр жабдығын қолдануға жол берілмейді.

87. Стационарлық жабдықтың, күштік және жарықтандыру желісінің электр сымдарының жай-күйін тексеру, сымдардың, кабельдер мен жерге тұйықтау құрылғыларының оқшаулағышының кернеуін сынау және өлшеу пайдалануға беру кезінде, одан әрі график бойынша, бірақ бір жылда кемінде бір рет жүргізіледі. Өлшеу нәтижелері электр энергетикасы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес актімен (хаттамамен) ресімделеді.

88. Софиттерді орнату және пайдалану кезінде бекіткіш конструкциялар мен жарық ұстайтын және шағылыстыратын экрандар ретінде жанғыш материалдарды пайдалануға жол берілмейді.

Прожекторлар мен софиттер жанғыш конструкциялар мен материалдардан кемінде 0,5 м, ал линзалық прожекторлар кемінде 2 м қашықтықта орналастырылады. Прожекторлар мен софиттерге арналған жарық сүзгіштер жанбайтын материалдардан дайындалады.

89. Құрылыс алаңының аумағындағы жарықтандыру прожекторлары жеке тіректерге орнатылады.

Прожекторларды жанғыш материалдардан жасалған жабындарда және полимерлі жылытқыштары бар ғимараттарда орнатуға жол берілмейді.

90. Жабық тарату құрылғыларының үй-жайлары мен дәліздерінде сақтауға арналған үй-жайларды орналастыруға, сондай-ақ электр техникалық жабдықты, қосалқы бөлшектерді, жанғыш сұйықтықтары бар сыйымдылықтарды және әртүрлі газдары бар баллондарды сақтауға жол берілмейді.

91. Кабельдік құрылыстардың секциялық қалқаларының есіктері өздігінен жабылатындай, ғимараттан эвакуациялау жолына қарай ашылатындай етіп көзделеді және ысырмаларында нығыздағыштармен қамтамасыз етіледі.

Кабельдік құрылыстарды пайдалану кезінде көрсетілген есіктер жабық күйінде болады және бекітіледі.

Кабельдік үй-жайлардың желдету жағдайы бойынша егер өздігінен жабылатын есіктердің жабылуы үшін өрт кезінде құрылыстың тиісті бөлігінде өрт сигнализациясы импульсінен іске қосылатын автоматты құрылғылар қолданылатын болса, оларды ашық күйінде бекітуге жол беріледі.

92. Металл қораптарға төселген кабель желілері жанбайтын материалдармен нығыздалады, ал қораптың өзі мынадай жерлерде:

1) басқа кабельдік құрылыстарға кіретін жерде;

2) кабельдік қораптардың көлденең учаскелерінде әрбір 30 м сайын, сондай-ақ электр кабельдері бар басқа қораптарға тармақтарында;

3) кабельдік қораптардың тік учаскелерінде әрбір 20 м сайын отқа төзімділік шегі кемінде EI 45 қалқалармен бөлінеді. Қалқалар арқылы өткен кезде жабындардың әрбір белгісінде осындай отқа төзімді нығыздағыштар қосымша жасалады. Металл қораптарға төселген кабель желілерінің нығыздалған жерлері қораптардың сыртқы қабырғаларында қызыл жолақтармен белгіленеді. Қажет болған жағдайларда, қосымша түсіндірме жазбалар орындалады.

93. Төселетін кабельдер және металл қабаттардың металл қабықтарын қорғау үшін қолданылатын тоттануға қарсы жабындар жанбайтындай етіп көзделеді.

94. Май толтырылған кабельдерге май беруді (сіңіруді) қамтамасыз ететін құрылғылардың үй-жайларында осы қондырғыға қатысы жоқ жанғыш материалдар мен бұйымдарды сақтауға жол берілмейді.

95. Электр қондырғылар мен тұрмыстық электр аспаптарының ақаулары анықталған кезде олар дереу токтан ажыратылады. Оларды тек ақаулар жойылғаннан кейін ғана қайта қосуға жол беріледі.

96. Уақытша электр желілерін орнатуға және пайдалануға жол берілмейді.

97. Тасымалды шамдар қорғағыш шыны қалпақтармен және торлармен жабдықталады. Осы шамдар мен тасымалды электр аппаратурасы үшін иілгіш кабельдер мен мыстан жасалған сымдар қолданылады.

98. Өртке қарсы қорғау, авариялық жарықтандыру жүйелерін қоректендіру үшін енгізу-тарату құрылғысынан бастап электр энергиясын тұтынушыға дейін ЭҚОҚ талаптарына сәйкес сенімділіктің бірінші санаты бойынша дербес электр желісі көзделеді.

99. Құрылыс алаңындағы уақытша электр сымы оқшауланған сымнан жасалып, арқанға ілінеді және жұмыс орындарынан кемінде 2,5 м, өтетін жерлерден 3 м, өту жолдарынан 6 м биіктікте берік тіреулерге орнатылады.

100. Электр желілері ЭҚОҚ талаптарына сәйкес қысқа тұйықталу токтарынан қорғалады.

4-тарау.

256. Құрғақ жылу камерасынан шығатын түтік тікелей сыртқа шығарылады және бөлек ұсталады.

257. Сауналардың үй-жайларында желіге қосылған тас пештің электр қыздырғышын қараусыз қалдыруға, саунаның үй-жайларында арнайы жабдықталған орындардан тыс тұрмыстық электр қыздырғыш аспаптарын пайдалануға жол берілмейді.

258. Төбенің астындағы тас пештің үстінде төбенің қаптамасынан кемінде 0,05 м қашықтықта жанбайтын жылу оқшаулағыш қалқан қамтамасыз етіледі.

259. Тас пештің оттығы бу бөлмесіне жапсарлас арнайы үй-жайда көзделеді.

260. Қорғаныс экраны жоқ электр тас пешті пайдалануға жол берілмейді.

261. Ғимаратқа кіреберісте өрт қауіпсіздігі шаралары туралы ақпарат орналастырылады.

12-тарау.

Сауда объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

262. Сауда залдары мен эвакуациялау жолдарында жанғыш материалдарды, қалдықтарды, орамалар мен контейнерлерді уақытша сақтауға, сонымен қатар жанғыш ыдыстарды ғимарат терезелерінің

сыртқы және ішкі жағына жапсарлас орналастыруға болмайды.

263. Терезелері немесе түтін шығарылатын шахтасы жоқ жайларда (бөлмелерде) жанғыш орамаларда жанғыш немесе жанбайтын тауарларды сақтауға болмайды. Жанғыш тауарлар мен жанғыш орамадағы тауарлар қоймалары сыртқы қабырғалардың жанында орналастырылады.

264. Өрт қауіпті тауарлы-материалдық құндылықтарды сәйкестік белгілеріне сай арнайы белгіленген жайларда сақтайды.

Қарулардың оқ-дәрілері және пиротехникалық бұйымдар басқа жайлардан өртке қарсы қалқалармен оқшауланған жайларда жанбайтын материалдардан жасалынған шкафтарда сақталады. Аталған шкафтарды жергілікті үй-жайларда орналастыруға болмайды.

265. Сауда кәсіпорындарында болмайды:

1) сатып алушылар жүрген сауда залдарында отты пайдалану арқылы жүргізілетін жұмыстарды жүргізуге;

2) сауда залдарында ауа шарларын толтыратын немесе басқа да мақсатта жанғыш газдары бар баллондарды орнатуға;

3) баспалдақ торлары алаңдарында, тамбурлерде және басқа көшіру жолдарында сауда, ойын аппараттарын орналастыруға және тауарлар сатуға; көшіру жолдарында сауда, ойын аппараттарын және құрал-жабдықтарды орналастыруға және тауарлар сатуға;

4) сауда ғимараттарына жатпайтын басқа мақсаттағы ғимараттарда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды (дәрілік құралдарды, медициналық бұйымдарды, косметикалық және алкогольдік өнімдерді есепке алмағанда), жанғыш газдарды, оқ-дәрілерді, капсюлдерді, пиротехникалық және жарылыс қауіпті бұйымдарды орналастырғанда оларды сатуға;

266. Адамдар жаппай болатын сатылым, жарнамалық акциялар мен іс-шаралар өткізу кезінде басшылар олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, атап айтқанда келушілердің кіру санын шектеу, қосымша кезекшілерді тағайындау бойынша қосымша шаралар қабылдайды.

267. Базарларды ашық алаңдарда немесе ғимараттарда (құрылыстарда) орналастырғанда келесі өрт қауіпсіздігі шаралары орындалады:

1) ашық базарлардағы сауда қатарларының жабындылары жанбайтын материалдардан жасалады;

4) сауда қатарлары арасындағы өтетін ашық жолдарды матамен, қағазбен, үлдірмен және басқа жанғыш материалдармен жабуға болмайды.

268. Базарларды басқа мақсаттағы ғимараттар бөлігінде немесе оларға іргелес құрылыстарда орналастыруға жол берілмейді.

Басқа мақсаттағы ғимараттардың бөлігінде немесе оларға жапсарлас құрылыстарда базарлар орналастыруға болмайды.

269. Ғимараттар мен құрылыстарда орналастырылатын дүңгіршектер мен шағын дүкендер, павильондар жанбайтын материалдардан салынады. Жанғыш сұйықтықтарды, дезодоранттарды, сығылған газдарды сатуға арналған павильондар мен дүңгіршектер жеке тұрған немесе ұқсас тауарларды сататын дүңгіршектер тобында отқа төзімділігі I, II, III дәрежелі етіп салынады.

270. Жұмыс уақытында тауарларды тиеу және ыдыстарды түсіру сатып алушылардың эвакуациялық шығу жолдарына қатысы жоқ жолдар арқылы жүзеге асырылады.

271. Әрқайсысының сыйымдылығы 1 литрден асатын шыны ыдыстарға құйылған тұрмыстық химиялық тауарларды, лактарды, бояуларды және жылдам тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, сонымен қатар «От қауіпті», «Отқа жақын шашыратпа» сияқты ескерту жазбалары бар этикеткалары жоқ өрт қауіпті тауарларды сатуға болмайды.

Өрт қауіпті тауарларды бөлшектеп орау осы мақсатқа арнайы лайықталған жайларда жүзеге асырылады.

272. Бөлініп берілген аумақта дүңгіршектерді, сондай-ақ ауданы 35 шаршы метрді қоса есептегенге дейінгі бір қабатты павильондар топтармен орналастырылады. Бір топта отқа төзімділігі I, II, III, IIIa дәрежелі 20-дан көп емес дүңгіршектер пен павильондар немесе 10 отқа төзімділігі IIIб, IV, IVa және V дәрежелі орналастырылады.

Топтағы дүңгіршектер мен павильондардың арасындағы қашықтық есептелінбейді.

Топтарды 1-типтік өртке қарсы қалқалармен 10 контейнерден тұратын бөліктерге бөлінеді.

273. Осы Қағидалардың 272-тармағында көрсетілген топтардың арасындағы, сондай-ақ топтар мен жеке тұрған павильондар мен дүңгіршіктерден басқа ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі өртке қарсы арақашықтық осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес қабылданады.

274. Жанатын қалдықтарды жинау орындары дүңгіршектер мен павильондардан 15 метрден кем емес қашықтықта орналастырылады.

275. Орама материалдар мен мүкәммалдарды сақтауға арналған жайлардың ауданы 5 м2 аспайтындай етіп көзделеді.

276. Елді мекендерде орналастырылатын дүңгіршектерге электр (сәйкестік сертификаты бар майлы радиаторларды, қыздыратын панельдерді қолдана отырып), бумен немесе сумен жылу беру қолданылады.

277. Елді мекендерден тысқары жерлерде орналастырылатын дүңгіршектерде осы Қағидаларға сәйкес пешпен жылытуды қолдануға болады.

278. Дүңгіршектер мен павильондар құрылыстың сыртқы бетіне немесе нақты қорғалатын жайға (автономды өрт хабарлағыштары) шығарылған дыбыстық және жарық дабылы бар автоматты өрт дабылымен жабдықталады.

279. Сауда-ойын-сауық орталықтарында балалардың ойын алаңдарын цокольды немесе жертөле қабаттарында орналастыруға болмайды.

280. Базарда өрт шыққан кезде адамдардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі, сондай-ақ әрбір павильон, алаң, дүңгіршек (шағын сауда орны, бутиктер) үшін объектінің басшысы бекіткен өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқама жасалынады.

АҚ бойынша мамандардың назарына: Объектілік өрт сөндіру командасына қанша қол өрт сөндіргіші керек? Объектіде азаматтық қорғау күштерін жаңа норматив бойынша қалай есептелінеді?

**АҚ БОЙЫНША МАМАНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА:
ОБЪЕКТІЛІК ӨРТ СӨНДІРУ КОМАНДАСЫНА ҚАНША
ҚОЛ ӨРТ СӨНДІРГІШІ КЕРЕК? ОБЪЕКТИДЕ АЗАМАТТЫҚ
ҚОРҒАУ КҮШТЕРІ ЖАҢА НОРМАТИВ БОЙЫНША
ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛІНЕДІ?**

Ұйым басшылары, азаматтық қорғаныс бастығы ретінде азаматтық қорғаудың объектілік кіші жүйесіне қажетті күштер мен құралдарды есептеудің өзгергенін білуі қажет.

2022 жылдың 22 ақпанынан бастап азаматтық қорғау құралымдарын (бұдан әрі -АҚҚ) құру тәртібі өзгеріп қана қоймай, сондай-ақ объектілік азаматтық қорғау құралымдарын жарактандыру нормативі де өзгерді.

Барлығын рет-ретімен айтамыз. Сонымен, үстіміздегі жылдың 22 ақпанында ҚР ТЖМ бұйрығымен ҚР ПМ «Азаматтық қорғау құралымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 387 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Жаңа заң актісіндегі өзгерістері мына төмендегі салыстырмалық таблица арқылы танысуды ұсынамыз.

№	Заң актісінің тарауы	№387 бұйрық (ескі редакция)	№387 бұйрық (жаңа редакция)
1	1-тарау 2-тармақша	Азаматтық қорғау құралымдары, ұйымдар құрған және бейбіт және соғыс уақытында авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге арналған азаматтық қорғау күштері құрамындағы болып табылады.	«АҚҚ <i>орталық және жергілікті атқарушы органдар</i> мен ұйымдар құрған » бұдан әрі мәтін бойынша
2	2-тарау 9-тармақша	Азаматтық қорғау құралымдарының жеке құрамының жалпы саны:жер сілкінісіне ұшырағыш аймақтар үшін халықтың он адамына құралымның бір мүшесі есебінен; басқа өңірлер үшін халықтың жиырма адамына құралымның бір мүшесі есебінен есептеледі	Азаматтық қорғау <i>аумақтық құралымдарының</i> жеке құрамының жалпы саны: жер сілкінісіне бейім өңірлер үшін <i>зардап шеккен</i> халықтың он адамына құралымның бір мүшесі есебінен; басқа өңірлер үшін <i>зардап шеккен</i> халықтың жиырма адамына құралымның бір мүшесі есебінен есептеледі.

3	3- тарау 21- т а р - мақша	Елуден аспайтын адам саны бар ұйымдарда, сондай-ақ орталық атқарушы органдарында объектілік азаматтық қорғау құралымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету басшының шешімімен жүзеге асырылады және оған: әр құралым мүшесіне өрт сөндіргіш, дәрі қобдишасы - екі дана, азаматтық қорғау басқару органдарына арналған келіссөз құрылғысы жатады.	Саны елу адамнан аспайтын ұйымдарда, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органда азаматтық қорғаудың объектілік құралымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету басшының шешімі бойынша жүзеге асырылады және оған: құрылатын бір азаматтық қорғау құралымына <i>(жасақ, команда, буын, бекет) екі өрт сөндіргіш, бір медициналық дәрі қобдишасы және екі бірлік тасымалданатын радиостанция</i> кіреді.
4	2-тарау 13-тар- мақша	АҚҚ ұйымдастырушылық құрылымы жергілікті жағдайларға, құрылымына және өндірістің ерекшелігіне, қызметтің түріне, жұмысшылардың санына, мүліктің болуына, техникаға, көлік құралдарына және соның базасында азаматтық қорғау құралымдары құрылған ұйымдардың қызметін анықтайтын басқа да факторларға байланысты нақтыланады.	АҚҚ жергілікті жағдайлар мен өндірістің ерекшеліктеріне, қызмет түріне, жұмыс істейтіндердің санына, базасында азаматтық қорғау құралымдары құрылған ұйымдардың қызметін айқындайтын мүліктің, техника мен көлік құралдарының <i>болуына қарай құрылады.</i>

5	5-тарау 25- т а р - мақша	Азаматтық қорғау құралымдарын дайындауды ұйымдастыруды құралым командирлері жүзеге асырады.	АҚҚ жеке құрамын жыл сайын оқытуды <i>азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде немесе ұйымдарында және оқу орындарында үш жылда бір рет оқудан өткен және тиісті сертификаттары бар азаматтық қорғау жөніндегі сабақтар топтарының басшылары және азаматтық қорғау құралымдарының командирлері</i> жүргізеді.
6	5- т а р а у 28-1 тар- мақша	Мұндай тарамақша болмаған	Азаматтық қорғаудың әрбір құралымы үшін <i>әзірлікке келтіру жоспары</i> әзірленеді
7	№ 1 қ о - сымша	Азаматтық қорғаудың құралымдарындағы қажеттілік есебі АҚҚ-ның 33 командасынан тұрады	Азаматтық қорғаудың құралымдарындағы қажеттілік есебіне жаңадан 3 команда қосылған: -қоғамдық тәртіпті қорғау тобы; -өрт сөндіру командасы; -радиациялық-химиялық қорғау командасы. <i>Сондай-ақ АҚҚ-ның 21 командасындағы жеке құрам саны 10 адамнан бастап . әрі мәтін бойынша.</i>

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ

Д-

Дайындаушы (орындаушы) - өнімдерді тізбекті меншігінен шығару немесе өндірістік мақсаттарда өзі тұтыну үшін шығаратын, сондай-ақ өтеп және (немесе) өтеусіз шарт бойынша жұмыстарды орындайтын немесе қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлғалар;

Дауыл - жылдамдығы 32 м/с асатын, айтарлықтай ұзақтығы мен қиратқыш күші бар жойқын жел;

Дәрілік зат - затты не заттардың комбинациясын білдіретін немесе қамтитын, адам организмімен байланысқа түсетін, адамның ауруларын емдеуге, олардың профилактикасына немесе оның физиологиялық функцияларын фармакологиялық, иммунологиялық не метаболизмдік әсер ету арқылы қалпына келтіруге, түзетуге немесе өзгертуге немесе адамның аурулары мен жай-күйінің диагностикасына арналған зат;

Дәрігерге дейінгі медициналық көмек – орта медицина қызметкерлері дербес немесе денсаулықты насихаттауды, пациенттің жай-күйін бағалауды, дәрігерге дейін диагноз қоюды, дәрігерге дейінгі араласу жоспарын тағайындауды, дәрігерге дейінгі манипуляциялар мен емшараларды орындауды және науқастарға, мүгедектер мен хал үстіндегі адамдарға күтімді қамтитын мультитиптік команда құрамында көрсететін медициналық көмек;

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілер - дәріхана, оның ішінде Интернет арқылы өткізуді жүзеге асыратын дәріхана, денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункті, шалғайдағы ауылдық жерлерге арналған, дәріханадан ұйымдастырылған жылжымалы дәріхана пункті, дәріхана (дистрибьюторлық) қоймасы, дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды уақытша сақтау қоймасы, оптика дүкені, медициналық бұйымдар дүкені, медициналық бұйымдар қоймасы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіру жөніндегі ұйымдар;

Дәрі қобдишасы – зардап шегушіге (ауруға) алғашқы медийиналық көмек көрсетіге арналған медициналық құралдардың жиынтығы;

Дезинсекция - адамды, жануарларды, үй-жайлар мен аумақты жәндіктер мен буынаяқтылардан қорғау мақсатында оларды жою жөніндегі профилактикалық және қырып-жою іс-шараларының кешені;

Дезинфекция - сыртқы ортада инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын жоюға бағытталған арнайы іс-шаралар кешені;

Дезактивациялау – қандай да бір беттен немесе қандай да бір ортадан радиоактивті ластануды жою немесе төмендету;

Денсаулық - аурулар мен дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, тұтастай тәндік, рухани (психикалық) және әлеуметтік саламаттылық жай-күйі;

Денсаулық сақтау - аурулардың алдын алуға және оларды емдеуге, қоғамдық гигиена мен санитарияны қолдауға, әрбір адамның тәндік және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, оның ұзақ жыл белсенді өмір сүруін қолдауға, денсаулығынан айырылған жағдайда оған медициналық көмек беруге бағытталған саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени, медициналық сипаттағы шаралар жүйесі;

Денсаулық сақтау жүйесі - қызметі Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдар мен денсаулық сақтау субъектілерінің жиынтығы;

Денсаулық сақтау саласындағы сараптама - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес денсаулық сақтау қызметінің әртүрлі салаларындағы құралдардың, әдістердің, технологиялардың, білім беру және ғылыми бағдарламалардың, көрсетілетін қызметтердің тиімділігі мен сапасын айқындауға, сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша еңбекке уақытша жарамсыздығын, кәсіби жарамдылығын айқындауға бағытталған ұйымдастырушылық, талдамалық және практикалық іс-шаралар жиынтығы;

Денсаулық сақтау саласындағы стандарт (бұдан әрі - стандарт) - медициналық, фармацевтикалық қызмет, денсаулық сақтау

саласындағы білім беру және ғылыми қызмет, цифрлық денсаулық сақтау аясында денсаулық сақтау саласындағы стандарттауды қамтамасыз ету үшін қағидаларды, жалпы қағидаттар мен сипаттамаларды белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық оператор - денсаулық сақтау саласында, оның ішінде денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

Депрессия - түңілу, психологиялық жағдай;

Дератизация - кеміргіштерді жоюға немесе олардың санын азайтуға бағытталған профилактикалық және қырып-жою іс-шаралары кешені;

Детоксикация - адам организмінен эндоген немесе экзоген текті уытты заттарды шығаруға бағытталған медициналық іс-шаралар кешені;

Детерминирленген сәулелену әсерлері – иондаушы сәулелену тудырған, оларға қатысты одан төмен болғанда әсер болмайтын, ал одан жоғары болғанда әсердің ауырлығы дозаға байланысты болатын шектің болуы болжанатын, клиникалық анықталатын зиянды биологиялық әсерлер;

Децибел (бұдан әрі – дБА) – шу деңгейінің 0,1 бел-ге тең өлшем бірлігі;

Диагностика - аурудың болуы немесе болмау фактісін анықтауға бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

Динамикалық байқау – пациенттің денсаулық жағдайын жүйелі түрде байқау, сондай-ақ осы байқау нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

Доза қуаты – уақыт бірлігі (секунд, минут, сағат) ішіндегі сәулелену дозасы;

Доза шегі – қалыпты жұмыс жағдайларында жоғарыламауы тиіс жылдық тиімді немесе эквивалентті техногендік сәулелену дозасының шамасы. Жылдық доза шегін сақтау детерминирленген әсерлердің пайда болуының алдын алады, ал бұл ретте стохастикалық әсердің ықтималдығы қолайлы деңгейде сақталады;

Донор - донорлық қанды, оның компоненттерін, өзге де донорлық материалды (оның ішінде шәует, аналық жасушалар, репродук-

тивтік ағзалардың, жыныс жасушаларының, эмбриондардың тіндері) алу, сондай-ақ реципиентке трансплантаттау үшін ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу жүргізілетін адам, адамның мәйіті, жануар;

Донорлық ұйым - трансплантаттау мақсатында мәйіттерден ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу және консервациялау жүзеге асырылатын денсаулық сақтау ұйымы;

Дренчерлік өрт сөндіру қондырғысы - ашық дренчерлік суландырғышпен жабдықталған және өртті барлық есептік алаңы бойынша анықтау мен өшіруге, сондай-ақ су бүркеуін құруға арналған сумен өрт сөндіру қондырғысы;

«Д» сыныбындағы медициналық қалдықтар - радиоактивті медициналық қалдықтар (құрамында Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасымен белгіленген, радиоактивті заттар үшін регламенттелген мәннен асатын мөлшерде және шоғырлануда радиоактивті заттар бар);

Дүлей зілзала – нәтижесінде адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнуі мүмкін немесе төнген, қоршаған табиғи орта құрамының және материалдық құндылықтардың қирауы немесе жойылуы мүмкін жойқын табиғи құбылыс немесе айтарлықтай ауқымдағы процесс;

Дүрбелең (паника) - бақылауға келмейтін қорқыныш үрей;

Діріл – техникадағы (машинадағы, механизмдегі, конструкциядағы, қозғалтқыштағы) механикалық діріл;

-Е-

Елді мекеннің аумағы - қалалық немесе ауылдық елді мекеннің белгіленген шекара (ішкі аумағы) шегіндегі кеңістік;

Елді мекеннің бас жоспары - аймақтарға бөлуді, оның аумағының жоспарлы құрылымы мен функционалдық ұйымдастыруды, көлік және инженерлік коммуникацияларды, көгалдандыру мен абаттандыру жүйелерін белгілейтін, қаланы, кентті, ауылды не басқа да қонысты дамыту мен салуды кешенді жоспарлаудың қала

құрылысы жобасы;

Елді мекендердің ауызсумен жабдықтау жүйесі – су тұтынушыларды ауызсумен қамтамасыз етуге арналған су тарту құрылыстарын, су құбырын тазартқыш құрылыстарды, таза су резервуарларын, су құбырының сорғы стансалары мен желілерін біріктіретін, өзара байланысты су объектілері мен гидротехникалық құрылыстар кешені;

Емдеу - ауруды жоюға, оның бетін қайтаруға және (немесе) оның ағымын жеңілдетуге, сондай-ақ оның өршуінің алдын алуға бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

Еңбек – адам мен қоғамның өмір сүру және қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтарды жасауға бағытталған адам қызметі;

Еңбек гигиенасы – жұмыскерлердің денсаулығын сақтау, өндірістік орта мен еңбек процесінің қолайсыз әсерлерінің профилактикасы жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық шаралар мен құралдар кешені;

Еңбек қауіпсіздігі – еңбек қызметі процесінде жұмыскерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген, жұмыскерлердің қорғалуының жай-күйі;

Еңбек қауіпсіздігі жағдайлары – жұмыскер еңбек міндеттерін орындаған кезде еңбек процесі мен өндірістік ортаның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігі;

Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға – өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін немесе жұмыс берушінің не қабылдаушы тараптың тапсырмаларын орындауы кезінде жұмыскердің, жіберуші тарап жұмыскерінің өндірістік жарақаттануы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы салдарынан олардың еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айырылуына не қайтыс болуына әкеп соқтырған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың жұмыскерге, жіберуші тараптың жұмыскеріне әсер етуі;

Еңбекті қорғау – құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық, емде-

у-профилактикалық, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын, еңбек қызметі процесінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі;

Ерекше маңызды жұмыстар мен іс-шаралар – мемлекет және үкімет басшыларының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруіне байланысты жұмыстар мен іс-шаралар;

Ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексеру - адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында бақылау және қадағалау органы мемлекеттік бақылау және қадағалау салаларында тәуекел дәрежесін бағалау негізінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты тағайындайтын тексеру;

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау – судың қолайсыз әсерін жою, өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғау, жануарлар санын реттеу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақта жүргізілуі мүмкін іс-шаралар кешені;

Ерікті өрт сөндіруші - өрттің алдын алу және (немесе) оны сендіру жөніндегі қызметке ерікті негізде (еңбек шартын жасаспай) тікелей қатысатын азамат;

Ерекше қорғалатын табиғи аумақ – ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер учаскелері, су объектілері және олардың үстіндегі әуе кеңістігі;

Ереже - қандай да бір қызмет түрін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт;

Есептік (алдын ала) санитариялық-қорғаныш аймағы - атмосфералық ауа ластануының жайылуы, адам денсаулығына физикалық (шу, діріл, иондамайтын сәулелену) және (немесе) радиациялық әсер ету есептері бар жоба негізінде айқындалатын санитариялық-қорғаныш аймағының аумағы;

-Ж-

Жабық сынық - жарақаттың бір түрі, сүйек сынған кезінде сынған жерде жара болмайды. Өзіне тән сыртқы пішіні сүйек тұт-

тастығының бұзылуы мен сынған жерде «сатының» пайда болуы болып табылады;

Жағалау белдеуі - экологиялық талаптарды сақтай отырып, навигациялық белгілер мен жабдықтарды орнатуға арналған су объектілері жағалауының бойындағы жағалау жиегінен ені жиырма метр құрлық белдеуі;

Жағалау жиегі - су объектісі жағалауының судың барынша көтерілуі (лық толуы) нәтижесінде пайда болатын жиегі;

Жағымсыз реакция - организмнің дәрілік (зерттелетін) препаратты қолданумен байланысты және осы дәрілік (зерттелетін) препараттың қолданылуымен ықтимал өзара байланыстың болуы болжанып, байқаусызда болған қолайсыз реакциясы;

Жалпыға ортақ пайдаланылатын орындар – халық үшін қолжетімді немесе ашық болатын аумақтар, объектілер;

Жалын таралуының температуралық шегі (жалындау) – қаныққан бу тотықтырғыш ортада жалын таралудың сәйкесінше төменгі (төменгі температуралық шегі) және жоғарғы (жоғарғы температуралық шегі) концентрациялық шегіне тең концентрация жасайтын зат температурасы;

Жалын таралудың қалыпты жылдамдығы – жалын фронтының оның бетіне перпендикуляр бағытта жанбаған газға қатынаста орын ауыстыру жылдамдығы;

Жалын таралудың төменгі (жоғарғы) шоғырланған шегі – жалынның жану көзінен қоспа бойынша кез келген қашықтыққа таралуы мүмкін болатын қышқыл ортасы бар біртекті қоспада жанғыш заттың ең аз мөлшері;

Жалындау – от алу көзінен басталған және оны жойғаннан кейін де жалғасатын заттың жалындап жануы;

Жалындық өрт хабарлағыш - жалынның электромагниттік сәулеленуіне ден қоятын автоматты өрт хабарлағышы;

Жалпы қолданылатын өрт автомобильдері - қала мен тұрғылықты тармақтарда өрт сөндіруге арналған автомобильдер;

Жануарлар – құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында болатын жабайы жануарлар (сүтқо-

ректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және тағы басқалары);

Жануарлар дүниесі мониторингі – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару және биологиялық әртүрлілікті сақтау мақсатында жануарлар дүниесі объектілерінің жай-күйі мен динамикасын байқау, бағалау және болжау жүйесі;

Жануарлар дүниесін қорғау – жануарлар дүниесін, олар мекендейтін органы және биологиялық сан алуандықты сақтауға, жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану мен өсімін молайтуға бағытталған қызмет, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешені;

Жануарлар ауруларын қоздырушылар - вирустар, бактериялар, риккетсиялар, хламидиялар, микоплазмалар, приондар, қарапайым жәндіктер, саңырауқұлақтар, гельминттер, кенелер, жәндіктер;

Жануарларды карантиндеу – диагностикалық зерттеулер мен ветеринариялық дауалау жүргізу мақсатында жаңадан келіп түскен, әкелінген, сатып алынған, әкетілетін, орны ауыстырылатын жануарларды оқшаулап ұстау;

Жануарлардың аса қауіпті аурулары - уәкілетті орган айқындайтын, жануарлар мен адамға ортақ ауруларды қоса алғанда, тез немесе кең таралатын, жануарлардың ауруға шалдыққыштығына немесе өлуіне, үлкен әлеуметтік-экономикалық залалға әкеп соғатын жануарлар аурулары;

Жануарлардың жұқпалы аурулары - жануардың организміне инфекцияның өзіндік ерекшелігі бар қоздырғышын (инвазия) енгізу салдарынан пайда болатын және жануардан жануарға және адамға жұғатын жануарлар аурулары;

Жануарлардың энзоотиялық аурулары – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын, белгілі бір жерде тұрақты немесе жиі қайталанатын көрінісімен, әлеуметтік-экономикалық залалымен сипатталатын жануарлар аурулары;

Жара - механикалық әсер ету салдарынан тері мен шырышты қабақ тұтастығының бұзылуы, ағза жасушаларының зақымдануы;

Жарақат алған – еңбек қабілетін жоғалтуды немесе кемінде бір тәулік мерзімге емханаға жатқызудың қажеттігіне немесе алғашқы медициналық көмек көрсетілгеннен кейін амбулаториялық емдеу тағайындауға әкелген табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай және (немесе) төтенше оқиға, өрттің қауіпті факторларының, сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының екінші мәрте қайталануынан, авария, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен, жазатайым оқиға, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзала салдарынан дене жарақатын алған адам;

Жартылай автоматты басқару - өрт сигнал беру жабдығының немесе өрт сөндірудің автоматты қондырғыларынан команда импульсін алған кезде хабарландыру және диспетчердің эвакуацияны басқару жүйесін әрекетке келтіру;

Жарылғыш зат - белгілі бір жағдайларда сыртқы әсерлердің әсерінен жылу мен газ тәрізді өнімдердің көп мөлшерін бөле отырып, тез өздігінен таралатын химиялық айналуға (жарылысқа) қабілетті конденсацияланған химиялық зат немесе осындай заттардың қоспасы;

Жарылғыш зат негізіндегі бұйым - өздігінен немесе басқа жарылғыш заттармен бірге дайындалған түрде пайдалануға арналған қабықшаға немесе онсыз жасалған соңғы мөлшердегі жарылғыш заттың жинақы салмағы;

Жарылыс - көп мөлшердегі энергияның қысқа уақыт аралығында шектеулі көлемде босауы;

Жауынгерлік есеп - нормативтік құжаттармен белгіленген міндеттері бар өрт машинасындағы жеке құрам;

Жану – от алу көзінің әсерінен өртені бастауы;

Жану жылдамдығы – аудан бірлігінен уақыт бірлігіне жанатын сұйықтық мөлшері;

Жанғыш орта – тұтану көзі әсері кезінде жалындауға қабілетті орта;

Жанғыштық – заттар мен материалдардың жалындауға, өздігінен жану және (немесе) бықсу қабілеттілігі;

Жану орнына су беру – өртті жойғаннан кейін жанған конструкциялар мен материалдарды бақылау түрінде бөлшектеу (тексеру) процесіне жалғасатын жану орнын салқындату бойынша іс-қимылдар;

Жарақат алған – еңбек қабілетін жоғалтуды немесе кемінде бір тәулік мерзімге емханаға жатқызудың қажеттігіне немесе алғашқы медициналық көмек көрсетілгеннен кейін амбулаториялық емдеу тағайындауға әкелген табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай және (немесе) төтенше оқиға, өрттің қауіпті факторларының, сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының екінші мәрте қайталануынан, авария, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен, жазатайым оқиға, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзала салдарынан дене жарақатын алған адам;

Жарма - су торабының құрылыстары орналасқан өзен учаскесі.

Жасанды су объектілері - сарқынды суларды табиғи биологиялық тазартуға арналған, жинағыш тоғандар, буландырғыш тоғандар, биологиялық тоғандар, сүзгі алқаптары, суару алқаптары;

Жауынгерлік әзірлік – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың өздеріне жүктелген міндеттерді белгіленген мерзімдерде орындауға дайындығының дәрежесін айқындайтын жағдай;

Жауынгерлік қабілеттілік – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскерлерінің (күштерінің) мақсатқа сай жауынгерлік (әскери, арнайы) іс-қимылдар жүргізуіне және өздерінің жауынгерлік мүмкіншіліктерін іске асыруына мүмкіндік беретін жай-күйі;

Жауынгерлік міндет – ұрыста (операцияда) белгілі бір мақсатқа белгіленген мерзімде қол жеткізу үшін жоғары тұрған командир (бастық) қойған міндет;

Жедел медициналық жәрдем – өмірге қатер төндіретін жіті аурулар мен жай-күйлер кезінде, сондай-ақ оқиға орнында және (немесе) медициналық ұйымға бару жолында денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау үшін шұғыл және кезек күттірмейтін нысандағы медициналық көмекті ұйымдастыру жүйесі;

Жедел ден қою шаралары - Қазақстан Республикасының

зандарында көзделген, қоғамдық қауіпті салдарлардың туындауын болғызбау мақсатында тексерілетін субъектілерге тексеруді жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша қолданылатын ықпал ету тәсілдері;

Жедел-құтқару отрядтары – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдай министрлігіне қарасты жол қатынасы қиын аудандарда және аса күрделі объектілерде іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған республикалық, облыстық, қалалық, аудандық ұйымдар;

Жеке дәрі қобдишасы – медициналық өзіне өзі көмектесу құралдарының жиынтығы, оған ағзаға енген уларды залалсыздандыру құралдары (антидоттар), ауруды басатын және ралиацияға қарсы құралдар мен антибиотиктер кіреді;

Жеке медициналық кітапша - жұмысқа жіберілу туралы белгі қойылып, міндетті медициналық қарап-тексерудің нәтижелері енгізілетін дербес құжат;

Женева конвенциясы – 1949 жылғы 12 тамыздағы қолданыстағы әскерлердегі жаралылар мен науқастардың тағдырын жақсарту туралы Женева конвенциясы, теңіздегі Қарулы Күштер құрамынан жараланғандардың, науқастар мен кеме апатына ұшыраған адамдардың тағдырын жақсарту туралы 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенциясы, 1949 жылғы 12 тамыздағы әскери тұтқындармен қарым-қатынас туралы Женева конвенциясы, соғыс кезінде бейбіт тұрғындарды қорғау туралы 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенциясы;

Жеңқұбыр бөгелі - жеңқұбыр желісін биіктікте бекітуге арналған құрылғы;

Жеңқұбыр желісі – өзара аралары қосылған қысымды өрт жеңқұбырлары;

Жеңқұбыр көпірі - өрт жеңқұбырының үстінен жол көлігі өткен кезде оны бүлінуден қорғауға арналған құрылғы;

Жеңіл рельсті көлік – жеке бөлінген жолдар бойынша жолаушыларды және багажды әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын және метрополитен мен темір жолға қарағанда габариттерінің, жүк көтергіштігінің және қатынас жылдамдығының аздығымен сипатталатын қалалық рельстік көлік түрі;

жағдайлар туралы мәліметтер;

Жеке тұрғын үй – үй-жай учаскесінде орналасқан, шаруашылық және басқа да құрылыстарымен және жасыл екпелерімен бірге азаматтың меншігіндегі жеке (отбасымен) тұруға арналған үй;

Желілік құрылыстар – белгілерді хабарлаушылардан қабылдау-бақылау құралына, сондай-ақ қабылдау-бақылау құралынан құлақтандыру құрылғылары мен өртке қарсы қорғау жүйелеріне беруге арналған өрт дабылы қондырғысының бөлігі;

Желілік құрылымдар - белгілерді хабарлаушылардан қабылдау-бақылау құралына, сондай-ақ қабылдау-бақылау құралынан хабарлау құрылғылары мен өртке қарсы қорғаныс жүйелеріне беруге арналған өрт дабылы қондырғысының бөлігі;

«Жел тармағы» – көп жылғы бақылаулар бойынша белгіленген орында желдің режимін сипаттайтын векторлық диаграмма;

Жер асты шаруашылық-ауыз сулары - өзінің табиғи жай-күйіндегі немесе өңделгеннен кейінгі сапасы бойынша нормативтік талаптарға сай келетін және адамның ауыз суға және шаруашылық қажетіне, не ауыз су өнімдерін өндіруге арналған жерасты сулары;

Жерасты өрт гидранты - суды өрт сөндіруге қажеттіктері үшін өрт бағаналарының көмегімен су құбыры желісінен алуға арналған құрылғы;

Жерасты сулары – жер қойнауындағы су шоғырланымдары;

Жер асты суларының бассейні - жер қойнауында орналасқан су тұтқыш жиектер жиынтығы;

Жер асты шаруашылық-ауыз сулары - өзінің табиғи жай-күйіндегі немесе өңделгеннен кейінгі сапасы бойынша нормативтік талаптарға сай келетін және адамның ауыз суға және шаруашылық қажетіне, не ауыз су өнімдерін өндіруге арналған жерасты сулары;

Жергілікті және (немесе) қашықтан іске қосатын өрт сөндіру құрылғысы - іске қол тәсілімен қосылатын өрт сөндіру қондырғысы;

Жер үсті су объектілері - шекарасы, көлемі мен су режимі бар, құрлық бетінде оның бедері нысанында сулардың тұрақты немесе уақытша жинақталуы;

Жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

Жергілікті жердің комендатурасы – төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Президенті құратын уақытша арнаулы орган;

Жергілікті өкілді орган (мәслихат) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган;

Жергілікті телекоммуникация желісі - елді мекеннің аумағында электр байланысын жүзеге асыруға арналған телекоммуникация желісі мен құралдары. Жергілікті телекоммуникация желілері елді мекеннің мәртебесіне қарай қалалық және ауылдық болып бөлінеді;

Жер сілкінісі - жер қыртысында немесе мантияның үстіңгі бөлігінде кенеттен болған қозғалыс пен жарылыс нәтижесінде пайда болған және елеулі ауытқу түрінде едәуір қашықтыққа таралатын жер асты дүмпуі немесе қозғалысы;

Жер сілкінісінің қарқындылығы — жер сілкінісінің сыртқы әсері, шығын дәрежесі;

Жер сілкінісінің ошағы (орталық нүкте) – жер сілкінісіне себеп болатын, жоғарғы мантия немесе жер қыртысының қалыңдығында жер асты соққыларының пайда болған аумағы;

Жедел ақпарат – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері мен ұйымдары басшыларының қолы қойылып, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға дереу немесе бекітілген уақыт аралығында азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің жедел кезекшілерінің қолы қойылып берілетін табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар және

Жиіліктер белдеуін, радиожиілікті (радиожиілік арнасын) иелікке беру (тағайындау) - тиісті радиожиілік органы радиожиілік спектрін пайдаланушыға осы рұқсатта көрсетілетін жиіліктер белдеуін, радиожиілікті (радиожиілік арнасын) радиоэлектрондық құралды қолдана отырып пайдалану үшін берілетін радиожиілік спектрін пайдалануға арналған рұқсат;

Жиынтық лафетті өрт ұңғысы - өрт сөндіру кезінде тегіс немесе тегіс және жалынның өзгеретін бұрышымен тозаңдатылған су ағынын, сондай-ақ төмен еселікті ауа-механикалық көбік ағынын қалыптастыруға арналған өрт ұңғысы;

Жиынтық өрт сөндіргіш - екі және одан көп өрт сөндіргіш заттар зарядымен өрт сөндіргіш;

Жиынтық қол өрт бағанасы - тегіс немесе тозаңдатылған су ағынын және төмен еселікті ауа - механикалық көбікті қалыптастырып, оны өрт ошағына бағыттауға арналған өрт бағанасы;

Жиынтықты өрт сорғысы - қалыпты және жоғары қысымды жүйелі қосылған сорғылардан тұратын және бір жетекке ие сорғы;

Жиынтық өшіретін өрт автомобилі - өрт орнына әскери есепті, өрт сөндіргіш құралдардың бірнеше түрлерін жеткізуге және оларды өрт ошағына беруге арналған автомобиль;

Жоба – жеке және заңды тұлғалардың түпкі ойының мәнін және оны практикада іске асыру мүмкіндігін ашып көрсететін, сәулет, қала құрылысы және құрылыс құжаттамасы (сызбалар, графикалық және мәтіндік материалдар, инженерлік және сметалық есеп-қисаптар), оның ішінде құрылыстың техникалық-экономикалық негіздемесі және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамасы нысанында ұсынылған, адамның мекендеуі мен тыныс-тіршілігіне қажетті жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі түпкі ойы;

Жобалар сараптамасы – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, жобалау үшін бастапқы құжаттардың (материалдардың, деректердің) шарттарына жобалық шешімдердің сәйкестігін (сәйкессіздігін) анықтау, сондай-ақ жобалық шешімдер мен есеп-қисаптарда қала құрылысы және техникалық регламенттердің, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттар нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтау арқылы жобалардың сапа-

сына талдау мен бағалау жүргізуден тұратын сараптамалық қызмет;

Жобалық өнеркәсіптік авария - бастапқы және ақырғы жағдайы жобамен белгіленген және белгіленген шектермен авария салдарының шектеуін қамтамасыз ететін, қауіпсіздік жүйесі қарастырылған өнеркәсіптік авария;

Жоғары қолбасшылық (жоғары қолбасшылық құрам) – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, оның орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің бас қолбасшылары және Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын өзге де лауазымды адамдар;

Жоғары қарқынды әскери қақтығыс - шешу үшін ол тұратын Ұжымдық қауіпсіздік ұйымдарының мүмкіндіктері есебінен мемлекеттің әскери әлеуетін күшейту талап етілетін әскери жанжал;

Жоғарғы қысымды сорғылы өрт автомобилі - жоғары қысымды өрт сорғысымен жабдықталған және өрт орнына әскери есеп пен өрт-техникалық жарақтарын жеткізуге арналған автомобиль;

Жол берілетін микроклиматтық жағдайлар – адамға ұзақ және жүйелі түрде әсер ету кезінде организмнің жылулық жағдайына өтпелі және тез қалпына келтіретін өзгеріс туғызуы мүмкін микроклимат параметрлерінің үйлесімділігі;

Жол берілмейтін доза – қорғау іс-шаралармен жол берілмейтін радиациялық авария салдарынан болжанатын доза;

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету – жол-көлік оқиғаларын, жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына теріс әсерін болғызбауға, олардың зардаптарының ауырлығын азайтуға, сондай-ақ осындай зардаптарды жоюға бағытталған қызмет;

Жол-көлік оқиғасы – көлік құралының жолда жүруі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өліміне, көлік құралдарының, құрылыстардың, жүктердің бүлінуіне не өзге де материалдық залалға әкеп соққан оқиға;

Жоспардан тыс тексеру - адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында бақылау және қадағалау органы нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс

тексеруді тағайындауға негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша тағайындайтын тексеру;

Жоспардан тыс өртке қарсы нұсқама - жеке немесе ортақ жұмыс орны шегінде біртекті жабдықтарға қызмет көрсететін қызметкерлер жүргізеді. Жоспардан тыс өртке қарсы нұсқаманың мазмұны әрбір нақты жағдайда оны өткізудің қажеттілігінен туындаған себептер мен жағдайларға байланысты анықталады.

Жоспарланатын арттырылған сәулелену – радиациялық авариялар дамуының немесе оның салдарларын ескерту мақсатында белгіленген негізгі дозалар шегінен асатын дозаларда персоналдың жоспарланатын сәулеленуі;

Жұмылдыру – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, ұйымдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын, халқын, аумағы мен экономикасын (жалпы жұмылдыру) немесе олардың қайсы бір бөлігін (ішінара жұмылдыру) соғыс жағдайы режиміне көшіруге байланысты жалпы мемлекеттік іс-шаралар кешені;

Жұмылдыру дайындығы – бейбіт уақытта жүргізілетін және соғыс уақытында мемлекетті орнықты басқаруға, ел экономикасын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, арнаулы мемлекеттік органдарының және халқының қажеттіліктерін қамтамасыз етуге ұйымдасқан түрде көшіруге, елді қарулы қорғауға және оның қорғанысына, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңі мен соғыс уақытында әкімшілік-аумақтық бірліктердің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені;

Жұмылдыру қуаттары – жұмылдыру тапсырыстарын орындауға арналған өндірістік алаңдар, технологиялық жабдық, инженерлік-техникалық және өзге де құжаттама;

Жұмылдыру резерві – мемлекеттік материалдық резервтің құрамдас бөлігі болып табылатын, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында жұмылдыру тапсырысын орындауға, табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдануға, бейбіт уақытта гуманитарлық көмек көрсе-

туге қажетті шектеулі номенклатура бойынша материалдық құндылықтар запасы, сондай-ақ арнаулы құралымдардың материалдық-техникалық құралдары;

Жұмылдыру тапсырмасы – мемлекеттік органдарға жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған іс-шараларды орындауға берілетін тапсырма;

Жұмылдыру тапсырысы – ұйымдарға жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында белгілі бір номенклатурада тауарлар өндіруге, жұмыстар орындауға және қызметтер көрсетуге, олардың мөлшері мен сапасына, арнаулы құралымдар құруға берілетін мемлекеттік тапсырыс;

Жұқпалы аурулар — зардапты вирустардың, микоплазмалардың, хламидийлердің, риккетсиялардың, спирохеталардың организмге еніп, онда өсіп-өну және өмір сүру салдарынан туатын аурулар. Жұқпалы аурулар бактериялардан және басқа организмдерден (жанды денелерден) пайда болады, олар организмге аса зиянды. Олар әр түрлі жолдармен тарайды;

Жұмыс орны – жұмыскердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны;

Жүктілікті жасанды ұзу - тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкерлері жүргізетін, дәрі-дәрмектік немесе хирургиялық әдістерді пайдалана отырып, шарананың тіршілікке қабілеттілік мерзіміне дейін жүктілікті ұзу;

Жылжымалы медициналық кешендер - ауылдық жерлердің және шалғайдағы елді мекендердің халқына көрсетілетін медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету және тізбесін кеңейту үшін не қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мүддесі үшін пайдаланылатын, қажетті медициналық жабдықпен жарактандырылған автомобиль көлігі базасындағы мобильді клиникалар (кабинеттер);

Жылдам салынатын панахана - жиналатын қоршау конструкцияларын және оңайлатылған ішкі жабдықтарды қолдана отырып, қатер төнген кезеңде немесе соғыс уақытында қысқа мерзім ішінде

салынатын құрылыс;

Жылдың жылы кезеңі – сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасының 10 градус Цельсийден (бұдан әрі – +0С) жоғарылығын сипаттайтын жыл кезеңі;

Жылдың суық кезеңі – сыртқы ауаның тәуліктік температурасы +10⁰С тең және төмендігін сипаттайтын жыл кезеңі;

Жылдық тиімді (эквивалентті) доза – күнтізбелік жыл ішінде алынған сыртқы сәулеленудің тиімді (эквивалентті) дозасының және осы жыл ішінде ағзаға радионуклидтердің келіп түсуіне негізделген ішкі сәулеленудің күтілетін тиімді (эквивалентті) дозасының жиынтығы. Жылдық тиімді дозаның бірлігі – Зиверт (Зв);

Жылдық түсу шегі (бұдан әрі – ЖТШ) – монофакторлық әсер кезінде шартты адамның жылдық дозаның тиісті шегіне тең күтілетін дозамен сәулеленуіне әкеп соғатын бір жыл ішінде нақты радионуклидтің ағзаға түсуінің рұқсат етілген деңгейі;

Жылжымалы басқару пункті – азаматтық қорғауды басқару органдарын орналастыруға және жұмысын қамтамасыз етуге арналған көлік құралы;

Жылуга төзімді өрттен құтқару бауы - оған ашық жалын мен жоғары температуралар мүмкін әсер ету аймағында өрт сөндіру кезінде апаттық-құтқару жұмыстарын орындауға арналған арнайы бау;

Жылу өздігінен жанудың шарты – қоршаған орта температурасы, зат (материал) саны және оның өздігінен жану сәтіне дейінгі уақыт арасындағы эксперименттік анықталған тәуелділік;

Жылжымалы өрт техникасы - автомобиль шассиіне, тіркемеге немесе жартылай тіркемеге орнатылған және өрт сөндіру, адамдар мен материалдық құндылықтарды өрттен қорғауға арналған ықшам техникалық құралдар;

Жылжымалы өрт сатысы - арқандық тарту әсерінен бірнеше телескоптық жылжитын иіндерден тұратын, өрт бөлімшесінің жеке құрамын ғимараттардың екінші және үшінші қабаттарына, үй-жайлардың шатыры мен төбесіне көтерілуі үшін, өрт кезінде ғимарат ішінде (залдарда) жұмыс істеу үшін, сондай-ақ оқу-жаттығу жұмыстарына арналған өрт қол сатысы;

Жылжымалы өрт сөндіргіш - доңғалақты немесе арбаға салынған өрт сөндіргіш;

Жылулық өрт хабарлағыш - температураның бегілі бір маңызына және (немесе) оның өсу жылдамдығына ден қоятын автоматты өрт хабарлағыш;

Жылыту микроклиматы – килограммға шаққандағы 0,87 килоджоуль (бұдан әрі – кДж/кг) оңтайлы мөлшердің ағзадағы жылуның жиналуы сыртқы шекарадан артық болумен айқындалатын адамның қоршаған ортамен жылу айналымының бұзылуы орын алған кездегі микроклимат параметрлерінің (температура, ылғал, жылдамдық, ауа қозғалысының жылдамдығы, салыстырмалы ылғалдық, жылу шығару) үйлесімі немесе жылу теңгерімінің жалпы құрылымында тердің 30% артық бөлінуі, жалпы және жергілікті қолайсыздық сезіну (сәл жылы, жылы, ыстық) пайда болуы;

-3-

Заманауи зақымдаушы құралдар – зақымдаушы (қирату) факторлары адамдарды, жануарлар мен өсімдіктерді зақымдауға, объектілерді бүлдіруге немесе қиратуға, қайталама зақымдау факторларының пайда болуына есептелген, жаппай қырып-жою қаруын және қарапайым зақымдаушы құралдарды, оның ішінде зымырандық, авиациялық және атыс қаруын қамтитын құрылғылар мен құралдар;

Заң – аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген негізге алынатын қағидаттар мен нормаларды белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

Залалсыздандырудың механикалық әдісі - ылғалдап тазарту, қағу, әктеу, шаңнан тазарту;

Заңнамалық акт – заңнамалық акт – Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заң, конституциялық заң, кодекс, шоғырландырылған заң, заң, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің қаулылары;

Зардап шеккен халықты қабылдау пункттері - төтенше жағдайлардың түріне байланысты төтенше жағдайлардың салда-

рын жою кезеңінде зардап шеккен халықты тікелей орналастыруды ұйымдастыруға арналған.

Зардап шегуші – табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан зиян (нұқсан) келтірілген жеке тұлға;

Заттар мен материалдардың өрт-жарылыс қауіптілігі – өрт жағдайында (немесе) физикалық-химиялық қасиеттерімен және қалпымен сипатталатын, заттар мен материалдардың жанғыш (өрт қауіпті немесе жарылыс қауіпті) органы жасау қабілеті;

Зиверт - сәуленің эквиваленттік дозасының бірліктердің халықаралық жүйесіндегі (СИ) өлшеу бірлігі. 1 Зв=1 Дж/кг=102 бэр;

Зиянды заттар – ауадағы рұқсат етілген шекті шоғырланудан асатын, адамның организмне теріс әсер ететін заттар;

Зиянды (ластаушы) заттар – атмосфералық ауада болатын және жол берілген шекті нормативтерден асатын белгілі бір шоғырлануда адамның денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсер ететін химиялық немесе биологиялық зат немесе осындай заттардың қоспасы;

Зиянды заттардың жол берілетін шоғырлануы – су бұру жүйесіне ағызылатын, су тұтынушының сарқынды суларында болатын зиянды заттардың жол берілетін шамасы;

Зиянды еңбек жағдайлары – зиянды өндірістік факторлардың болуымен сипатталатын еңбек жағдайлары;

Зиян (нұқсан) келтіруші - әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан техногендік сипаттағы төтенше жағдай болған жеке немесе заңды тұлға;

Зиянды өндірістік фактор – жұмыскерге әсері ауруға немесе жұмыс жарамдылығының төмендеуіне және (немесе) ұрпағының денсаулығына теріс әсеріне алып келуі мүмкін өндірістік фактор;

Зілзала - Жаһандық және өңірлік масштабтағы әкеп соқтыратын жойқын апат;

Жамбыл облысының Байзақов ауданындағы әскери қоймадағы оқ-дәрілердің жарылуы



Буранбаев М.Р. -
АҚ РОӘО оқытушысы

Қазақстан Республикасы үнемі табиғи және техногендік қауіптерден туындайтын қауіп жағдайында өмір сүреді. Өнеркәсіптің дамуымен және технологиялардың күрделенуімен техногендік факторлардың қоршаған ортаға, экономикаға және халыққа кері әсері артып келеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметі бойынша республиканың авари-

ялық-құтқару қызметтері мен құралымдары жыл сайын әртүрлі төтенше жағдайларға шығады, оның ішінде тіркелген төтенше жағдайлардың жалпы 80%-дан астамы техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды құрайды, саны 15-18 мыңға дейінгі аралықта.

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 1-бабына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы №175 бұйрығына сәйкес техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға мыналар жатады: көліктегі оқиғалар, өрттер, ҚӘУЗ шығарылуымен болатын апаттар, тұрғын үй, әлеуметтік және мәдени мақсаттағы ғимараттардың қирауы, соның ішінде оқ-дәрілер мен басқа да жарылғыш құрылғылардың қатысуымен болатын апаттар.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдардағы проблемалық мәселелердің бірі - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қоймаларында орналасқан оқ-дәрілердің және басқа да

жарылғыш құрылғылардың жарылыстары болып табылады.

Оқ-дәрілердің, басқа да жарылғыш заттар мен құрылғылардың жарылуымен байланысты төтенше жағдайлардың себептерін елеулі материалдық шығын және қоршаған ортаға залал



келтіретін, олардың көріну сипаты бойынша екі түрге бөлуге болады:

Біріншісі - табиғи сипаттағылар, олардың пайда болу себебі - найзағай немесе өздігінен жану;

ал екіншісі - тікелей немесе жанама түрде қауіпсіздік ережелерін бұзудымен байланысты адам факторымен байланысты.

Мысалы, Ішкі істер министрлігінің Ұлттық ұланынан басқа, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінен, ҚР Қорғаныс министрлігінің мәліметі бойынша, қазіргі уақытта тек республиканың Қарулы Күштері ғана. Қазақстанда қару мен оқ-дәрілерді сақтайтын 10-нан астам қойма бар.

Соңғы 20 жылда Қазақстан Республикасында ҚР Қарулы Күштерінің, және басқа да әскери құралымдарының әскери қоймаларында оқ-дәрілердің, жарылғыш заттар мен құрылғылардың жарылуымен байланысты 8 төтенше жағдай тіркелді.



2019 жылдың маусым айында Түркістан облысының Арыс қаласында оқ-дәрілердің жарылуының оқыс оқиғасы орын алды, онда төрт адам қаза тапты, 400-ден астам адам медициналық көмекке жүгінді, 7634 үй мен ғимарат зақымданды, 500-ге жуық тұрғын тұруға жарамсыз болды.

Қылмыстық іс бойынша 1473 адам жәбірленуші деп таныл-

